Әділет

## Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулығын жариялау туралы

*Күшін жойған*

Ішкі істер министрінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 475 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінде 2002 жылғы 7 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1938. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 28 қазандағы № 53 қбпү бұйрығы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 28.10.2013 № 53 қбпү бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың тақырыбына және 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен.

Қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етудің ұйымдастырылуын жетілдіру, ішкі істер органдары полициясының кешенді күштерінің бөлімшелері мен Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлерінің жедел және моторландырылған арнайы бөлімдері қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулығы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлер комитетінің төрағасына, Астана, Алматы қалаларының, облыстардың және көліктегі ішкі істер департаменттерінің, оқу орындарының бастықтары:

1) жеке құраммен әскери және қызметтік дайындық жүйесінде осы Нұсқаулықты оқытуды, соңынан сынақ қабылдауды ұйымдастырсын;

2) патрульді-бекеттік қызметі Нұсқаулығының талаптарын қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге тартылатын барлық қызметкерлердің, сондай-ақ полиция бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру мен бақылау міндеті жүктелген лауазымды адамдардың бұлжытпай орындауын қамтамасыз етсін;

3) қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының басшылары мен саптық бөлімшелердің командирлерінен жеке құрамды осы қызметтің ерекшеліктерін ескеріп, тактикалық тәсілдерді өтеумен тәжірибелік сабақтарға айрықша мән бере отырып, оқыту мен дене шынықтыру дайындығын ұйымдастыруды талап етсін;

4) тоқсанына кемінде бір рет патрульдік полиция мен Қазақстан

Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлерінің жедел мақсаттағы бөлімдері және арнайы моторландырылған бөлімдері жеке құрамдарының бірлескен оқу сабақтары мен жаттығуларын өткізсін, оның барысында патрульді-бекеттік нарядтардың жиі кездесетін көше қылмыстарының жолын кесу және оларды ашу жөніндегі іс-қимыл дағдыларын үйретсін;

5) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлердің жедел мақсаттағы бөлімдерді және арнайы моторландырылған бөлімдерінің күш-құралдарын күрделі криминогендік жағдай қалыптасқан аймақтарда пайдалансын; олардың қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі қызметті атқару тәртібін Қазақстан Республикасының ішкі әскерлерінің жауынгерлік қызмет Жарғысының талаптарына сүйене отырып, жек құрамды орналастыру жүйесінде ішкі әскерлердің әскери қызметшілері мен ішкі істер органдары қызметкерлерінің бірыңғай орналасуы жүйесінде араласқан нарядтарының қызмет атқаруын ұйымдастыруды қамтамасыз ете отырып белгілесін;

6) айына бір рет қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге қатыстырылатын полицияның кешенді күштеріне біртұтас нұсқау беруді Астана, Алматы қалаларының, облыс орталықтары мен аудандарға бөлінетін қалаларда өткізуді қамтамасыз етсін;

6-1) полицияның кешенді күштерінің барлық нарядтарын, сондай-ақ жедел жәрдемді, таксиді, жеке күзет ұйымдарын бір мезгілде хабардар ету үшін кезекші бөлімдер циркулярлық радиобайланыспен қамтамасыз етілсін;

7) ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдайды бақылауға мүмкіндік беретін патрульдік учаскелер, бағыттар мен бекеттер түсірілген карта сызбаларын (магниттік жоспарларын), сондай-ақ қажетті құжаттарды жаңартуға шаралар қолдансын;

8) тоқсан сайын жедел кеңестерде полицияның кешенді күштерінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудегі және қылмыспен күрестегі жұмыстарының нәтижелері, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлерімен өзара іс-қимылдары, олардың қызметінің тиімділігін арттыруға қажетті басқармалық шешімдер мен нақты шаралар қабылдай отырып қаралсын;

9) олар қызмет көрсететін учаскелердегі жасалған қылмыстар және іздеудегі қылмыскерлердің белгілері туралы мәліметтерді патрульдік нарядтарға дер кезінде жеткізілуін, сондай-ақ оларға жедел қимыл жасауы үшін қызмет атқару уақыты мен орындарында жасалынған қылмыс туралы хабарлануын қамтамасыз етсін. Патрульді-бекеттік нарядтарға, олардың қызмет атқаратын орындарында жасалынған қылмыстар туралы уақытында хабарланбауының әрбір фактісін төтенше оқиға ретінде қарап, тәулік ішінде қызметтік тексеру жүргізіп, кінәлілерді жауапқа тартсын;

10) патрульдік полиция бөлімшелерінің жеке құрамын Ішкіісминінің нормативтік актілерінің талаптарына және тиесілік нормаларына сәйкес нысандық киім-кешекпен, қажетті арнайы құралдармен, байланыс құралдарымен, автокөлікпен қамтамасыз ету жөнінде көрсетілген тапсырманың орындалуын дербес бақылай отырып, шаралар қолдансын;

11) полиция кешенді күштерінің патрульді-бекеттік нарядтарының жұмыс нәтижелері үшін қалалық, аудандық, желілік органдар бастықтарының дербес жауапкершіліктері белгіленсін;

12) кезекші тәулік ішінде қылмыстарды ашуға және қылмыскерлерді ұстауға белсенділікпен қатысқан полиция қызметкерлері мен ішкі әскерлердің әскери қызметшілерін марапаттауды іс жүзінде кеңінен қолдансын;

13) осы бұйрықтан тарайтын өзге де шаралар қабылдансын.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441, 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

3. Тәрбие және кадрлар жұмысы департаменті (Суюнчалиев М.М.) алғашқы қызметтік дайындықтан өту кезінде ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметі жұмысының негізін құрайтын нормативтік құқықтық актілерді оқып-үйрену жөніндегі оқу және тақырыптық жоспарларының кеңейтілуін қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің "Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің патрульдік қызметінің қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі Ережелерін жариялау туралы" 2002 жылғы 6 сәуірдегі N 300 бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің барлық жеке құрамына жариялансын.

6. Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-министрі полиция генерал-майоры И.И.Оттоға және қоғамдық қауіпсіздік департаментіне (Ғ.А.Алпысбаев) жүктелсін.

7. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен күшіне енгізіледі.

Министр

генерал-полковник

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2002 жылғы 5 шілдедегі
N 475 бұйрығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулық

Ескерту: Тәртіптің атауына, кіріспеге өзгертулер енгізілді, және барлық мәтін бойынша "полицияның ерекше мақсаттағы бөлімшелерінен", "полицияның ерекше мақсаттағы бөлімшелері", "полицияның ерекше маңызды істер жөніндегі бөлімшелері", "ПЕМБ" деген сөз тіркестері "жылдам қимылдайтын арнайы жасақтарынан", "жылдам қимылдайтын арнайы жасақтары", "ЖҚАЖ" деген сөз тіркестерімен ауыстырылды;
Барлық мәтін бойынша "ІІББ-ІІБ", "Көліктегі ІІБ" деген аббревиатуралар "ІІД", "Көліктегі ІІД" деген аббревиатуралармен; "ТЖА" деген аббревиатура "ТЖМ" деген аббревиатурамен ауыстырылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 , 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары патрульді-бекеттік қызметінің Нұсқаулығы азаматтардың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, олардың азаматтығына, нәсілі мен ұлтына, тұрғылықты жеріне, әлеуметтік, мүліктік, лауазымдық жағдайына, дінге қатыстылығына және саяси көзқарасына, сондай-ақ мүлікті қорғаудың әр түрлі нысанына, жеке бастың, қоғам және мемлекеттің мүдделеріне қарамастан қылмыстық және құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғауды қамтамасыз ету мақсатымен қоғамдық тәртіпті сақтау жөнінде патрульді-бекеттік қызмет атқаруды ұйымдастыру тәртібі мен басқару негіздерін, міндеттерін анықтайды.

Ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметті атқаруға және ұйымдастыруға қатысушы (бұдан әрі - ІІО) барлық қызметкерлері қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алуға шаралар қолданғанда осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі - Ішкіісмин) ішкі әскерлерінің (бұдан әрі - ІӘ) әскери қызметкерлері қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі міндеттерді орындау барысында Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері туралы" Заңын және осы Нұсқаулықты басшылыққа алады.

## 1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ІІО мен ІӘ қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметінің құқықтық

негіздерін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасы Заңдарымен, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері мен Тәртіптері құрайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

2. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ІІО және ІӘ патрульді-бекеттік қызмет атқару кезіндегі басты міндеттері:

1) азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу ;

4) қылмысты ашу және қылмыскерлерді ұстауға қатысу болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ІІО және ІӘ қызметі патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру және атқару кезінде заңдылық, ізгілік, адам құқығын құрметтеу, жариялылық принциптеріне сәйкес құрылады.

4. Патрульді-бекеттік қызмет атқаруға қатысатын Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ІІО және ІӘ қызметкерлерінің қажетті кәсіби дайындықтары, тәртіпті және қырағы, қызметтік міндеттерін орындау барысында шешімді, өжет және қатаң әрекет жасауға, жоғары адамгершілік қасиеттерін меңгеруге, қызметпен байланысты барлық қиындықтарды батыл өткеруге даяр болуы тиіс. Айналасындағылармен қатынаста полиция қызметкері сақ, әдепті және сыпайы болуға міндетті, олардың әрекеттері заңды болуы тиіс.

5. Патрульді-бекеттік қызметтің жұмысын ұйымдастыру саптық бөлімшелер полицияларының патрульдік учаске құрамындағы бағыттарда, нақты бекеттерде үнемі бекітілуін қарастыратын "Патрульдік учаске" принципі бойынша жүзеге асырылады.

"Патрульдік учаске" - бұл қалалық, аудандық, желілік органдардың бастықтары, Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттері (бұдан әрі - ІІД) қоғамдық қауіпсіздік басқармаларының басшыларымен, қалалардың және аудандардың әкімдерімен келісе отырып, анықталған және бекітілген бекеттер мен бағыттар жиынтығы.

Полиция нарядтарының патрульдік учаскелерде қызмет атқаруы жедел-қызметтік міндеттерді орындау нысаны болып табылады, ол:

1) жеке құрамның өз міндеттері мен құқықтарын, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін, бекеттер мен патрульдеу бағыттарындағы жедел жағдайды білуімен;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы белгілерге жедел әсер ету, нарядтардың олардың алдын алу жөніндегі белсенді іс-қимылдарымен;

3) ІІО өзге қызметтерімен тығыз өзара іс-қимыл жасауымен;

4) басшылардың өз қарамағындағыларды білуімен, оларды әрқашан қамқорлыққа алуымен, жеке құрамға жоғары талаппен, қызмет атқаруға жүйелі түрде бақылау жасауымен;

5) жеке құрамның Антқа адал болуын және қайсарлыққа тәрбиелеумен, өзінің қызметтік борышын орындауға әрқашан дайындығын, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге жауапкершілікпен, құқық бұзушыларға төзбеушілікпен, кәсіптілікті жетілдіруімен;

6) жеке құрамды тиімді орналастыруымен, нарядтарды басқару және олардың арасындағы өзара іс-қимыл жасау жүйесін тұрақты жетілдіру, автокөлікті, байланыс құралдарын ұтымды қолдануымен, жаңа тактикалық әдістер мен техникалық құралдарды кеңінен енгізуімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

6. Патрульді-бекеттік қызмет атқаруға қатысушы полицияның кешенді күштері:

Негізгі:

1) патрульдік полицияның саптық бөлімшелері (жылдам қимылдайтын арнайы жасақтарынан басқа);

2) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлерінің әскери құрамдары, жедел мақсаттағы және арнайы моторландырылған бөлімдері;

3) учаскелік полиция инспекторлары;

4) кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі учаскелік инспекторлар.

Қосалқы:

1) жол полициясының бөлімшелері;

2) ІІО мамандандырылған күзет бөлімшелері;

3) полицияның саптық бөлімшелері құрамына енген жылдам қимылдайтын арнайы жасақтары;

4) ІІО бөлімшелері мен басқа қызметтерінің қызметкерлері;

5) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушылары.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 , 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

7. Полицияның саптық бөлімшелері (бұдан әрі - ПСБ) (полктар, батальондар, роталар, взводтар, жылжымалы полиция пункттеріндегі патрульдік полиция топтары) көшелерде, көлік объектілерінде және басқа қоғамдық орындарда патрульдік қызмет атқару үшін тағайындалады. Олар Астана және Алматы

қалаларының ІІББ, облыстық, қалалық, аудандық, желілік органдардың құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

8. Полицияның саптық бөлімшелерінің саны Астана, Алматы қалалары мен облыстардың жергілікті өкілетті және атқарушы органдарының келісімімен анықталады.

9. Көпшілік іс-шаралар жүргізу барысында қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық тәртіпті топпен бұзушылықтардың және жаппай тәртіпсіздіктердің зардаптарын жою және алдын алуды қамтамасыз ету үшін, күрделі криминогендік жағдайды оқшаулап шектелген учаскелерді өңдеу жөнінде іс-шаралар жүргізу, төтенше жағдайдың құқықтық тәртібін қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың (табиғи апаттар, ірі апаттар және катастрофалар) зардаптарын жоюға Астана, Алматы қалаларының ІІББ, қалалық басқармалардың , ішкі істер бөлімдерінің қатысуы үшін өз қызметін жылдам қимылдайтын арнайы жасақтары туралы Ережеге сәйкес жүзеге асыратын полицияның ерекше маңызды істер жөніндегі бөлімшелері (бұдан әрі - ЖҚАЖ) құрылады.

Астана және Алматы қалаларында ЖҚАЖ ІІД бастықтарына тікелей бағынышты дербес бөлімшелері болып табылады, басқаларда патрульдік полицияның саптық бөлімшелерінің құрамына енеді және оның саны саптық бөлімшенің негізгі құрылымдық бірлік санынан аспауы тиіс.

10. Қазақстан Республикасы аумағында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету бойынша жекелеген міндеттерді орындау үшін қарамағындағы полицияның қызметкерлерін пайдалану жөніндегі шешімді Ішкі істер министрі қабылдайды. ІІД бастықтары - қызмет көрсету аумағында ұқсас шешім қабылдайды.

11. Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің жол полициясы, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет қызметі бөлімшелері өздерінің негізгі міндеттерін атқарумен қоса, қоғамдық тәртіпті сақтау мен құқық бұзушылықтармен күресуді өз бекеттерінің аймағы мен патрульдеу бағыттарында қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

12. Қазақстан Республикасының Ішкіісмині Ішкі әскерлерінің әскери құрамалары, жедел мақсаттағы бөлімдері (бұдан әрі - ЖМБ) мен арнайы моторланған бөлімдері (бұдан әрі - АМБ) Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің Ішкі әскерлер қолбасшысының, қалалар мен облыстардағы ІІД бастықтарының келісімі бойынша қоғамдық орындар мен көшелерде патрульді-бекеттік қызметті

атқаруға тартылады, қоғамдық-саяси, бұқаралық-спорттық, мәдени-ойын-сауық іс-шараларын өткізу кезінде және төтенше жағдайлар туындаған кезде қоғамдық тәртіпті сақтауға және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылады.

Ескерту: 12-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

13. ІІД-нің бастықтары бекітілген тәртіппен өздерінің қарамағына патрульді-бекеттік қызметті атқаруға уақытша бөлінген тиісті аумақта орналасқан Ішкі әскерлер бөлімшелері мен бөлімдерінің командирлеріне қатысты жедел аға бастықтар болып табылады. Жедел жағдайға, жеке құраммен және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуіне қарай полицияның қалалық, аудандық органдарының бастықтары осы әскери бөлімдердің командирлерімен өзара іс-қимыл жасаса отырып, ЖМБ мен АМБ-ны қоғамдық тәртіпті сақтауға және қылмысқа қарсы күресте дербес те, бірлесіп патрульдеу жолымен де пайдалануды ұйымдастырады.

Ескерту: 13-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

14. Патрульді-бекеттік қызметін атқару үшін нарядтардың келесі түрлері қолданылады: патруль, жылжымалы полиция пункті, патрульдік топ, бекет, сондай-ақ алып жүру наряды, бақылау-өткізу пункті, тосқауыл, резерв және басқалар.

1) патруль - бұл құрамында екі немесе бірнеше полиция қызметкері бар, патрульдеу бағыттарында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша жүктелген міндеттерді орындаушы жылжымалы наряд. Наряд құрамындағы полиция қызметкері патрульдеуші деп аталады. Патрульдеуші қызметін автомобильде ( АП), мотоциклде (МП), катерде (КТП), велосипедте (ВП) атқара алады. Сондай-ақ жаяу (ЖП), атты (АтП) патрульдер қолданылады. Қажет болған жағдайда патрульді-бекеттің қызметін атқару үшін нарядтарға қызметтік иттермен қоса патрульші-кинологтар тағайындалады. Жол қозғалысының қауіпсіздігін (ЖҚҚ) қамтамасыз ету үшін қозғалысты қадағалау жөніндегі патрульдер пайдаланылады. "Патрульдік учаске" принципі бойынша қызмет атқару үшін патрульге патрульдеу бағыттары анықталады, жергілікті жерде нақты шарттар мен жедел жағдайларға байланысты шекаралары белгіленеді. Патрульдеу бағыттарының барлық түрлері дербес және сол жердегі жедел жағдайға байланысты, оқиға болған жерге патрульдің нұсқауы немесе хабарлама алған сәттен бастап 5 минуттан аспайтын уақытта келіп жету шартымен белгіленеді.

1-1) жылжымалы полиция пункті (бұдан әрі - ЖПП) - бекітілген секторда патрульдік қызмет атқаратын автомобильдегі арнайы полиция наряды. ЖПП ( біріктірілген деректер базаларына қосылған компьютермен жабдықталған

автобустар) шалғай және криминогендік патрульдік учаскелерде, сондай-ақ жедел жағдай шиеленіскен жағдайда профилактикалық іс-шаралар жүргізуге арналған.

2) патрульдік топ - құрамы полицияның кешенді күштерінің бірнеше патрульдерінен тұратын, бекітілген патрульдік учаскеде немесе бұқаралық шара өткізіліп жатқан аймақ, объект аумағында қызмет атқару үшін біріктірілген наряд.

3) бекет - полиция қызметкерлері (бекетші) қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша өздеріне жүктелген міндеттерді атқаратын жер немесе жер учаскесі. Бекеттер модульді (көшпелі) болып та, тұрақты болып та жабдықталады. Бекеттер полиция қызметкерінің қатысуын үнемі қамтамасыз ету жерлерінде қойылады. Бекет үшін оның орталығы мен шекарасы белгіленеді. Бекет орталығы бақылауды қолайлы жүргізу және құқық бұзушылықтарды ескерту мен алдын алу шараларын жедел қабылдауға болатын жерде белгіленеді. Шекара бекет орталығынан 300 м. қашықтықтан алыстамауы тиіс.

4) поезда, кемеде еріп жүруге арналған полиция наряды жол жүру кезінде көлік құралдарының қозғалысы бағытында қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен жолын кесу мақсатында тағайындалады.

5) бақылау-өткізу пунктінде (бұдан әрі - БӨП) полиция наряды белгілі бір ауданда (мекенде) бұқаралық шаралар өткізу кезінде, табиғи апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар туындаған және басқа төтенше жағдайларда өткізу режимін қамтамасыз ету немесе көлік пен жолаушылардың қозғалысын шектеу мақсатында қойылады.

6) тосқауыл (бұдан әрі - Т) - құрамында полиция қызметкерлері тобының ( бөлімшесінің) белгілі бір учаскесін бақылау немесе жекелеген бағыттарды тосқауылдау жөніндегі наряды.

7) қосалқы топ (бұдан әрі - ҚТ) - полиция қызметкерлерінің патрульдер мен күзеттерді жедел жағдайдың өзгеруіне байланысты кенеттен пайда болған міндеттерді шешуге немесе патрульдеушілер мен бекет қызметкерлерін алмастыруға арналған наряды.

Қосалқы топтың құрамын, оны орналастыру және пайдалану тәртібін әрбір жеке жағдайда өздері бағынышты болатын бастық айқындайды.

Ескерту: 14-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 , 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

15. Полиция қызметкерлері мен ЖМБ және АМБ әскери қызметшілері патрульді-бекеттік қызметті белгіленген нысандық киімде атқарады. Арнайы міндеттерді шешу кезінде оларға қызметті азаматтық киімде атқаруға рұқсат берілуі мүмкін.

Патрульді-бекеттік қызметін атқару кезіндегі қызметтік уақыт нарядтардың қалалық аудандық желілік органы бойынша кезекші немесе қызметке басшылық жасаушы өзге басшылардың жедел қарамағында болуымен белгіленеді. Олардың қарамағына полиция қызметкерлері нұсқама басталысымен түседі, ал оның қарамағынан шығу қызметтің аяқталуы туралы белгі бойынша. Полиция қызметкерлері үшін жұмыс уақытының ұзақтығы еңбек заңына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылдың 27 желтоқсандағы N 1644 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам адамдарының қызметті өткеруі туралы Ережесіне сәйкес белгіленеді. Қалалық, аудандық, желілік органның, полиция бөлімшесінің бастығына, саптық бөлімшенің командиріне қажетті кезде нарядтардың жұмыс уақытының ұзақтығын көбейту құқығы берілген. Демалыс күндері кесте бойынша беріледі.

Ауысым ішінде жеке құрамға демалу және тамақ ішу үшін 1 сағат, бірақ бекетте, патрульдеу бағытында кемінде 5 сағат үздіксіз қызмет өткергеннен кейін беріледі. Қызметтік уақыттың жалпы ұзақтығынан үзіліс алынып тасталады. Қажет жағдайларда нарядтарды ауыстыру жүргізіледі.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

16. Жедел жағдай күрделенген кезде, төтенше жағдайлар (жаппай тәртіпсіздік , табиғи апаттар, өрт, ірі өндіріс апаттары, апат, эпидемия, эпизоотия) туындаған кезде, бұқаралық шаралар (қоғамдық-саяси, мәдени-көпшілік, спорт) жүргізген кезде патрульді-бекеттік қызмет атқарудың күшейтілген түрі енгізілуі мүмкін.

Күшейтілген түрдегі патрульді-бекеттік қызметі жеке құрамның тәулік бойы қызмет атқару ұзақтығы 12 сағатқа дейін ұзартылуы және демалыс күндерінің тоқтатылуымен, қажетті жағдайларда кезекті еңбек демалыс мерзімін ауыстырумен және уақытша қаладан, тұрғылықты пункттен тыс шығуға тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

17. Қызмет атқару уақыты мен ұзақтығы және ЖМБ мен АМБ жеке құрамды бөлу нормасы Қазақстан Республикасының Ішкіісмині ішкі әскерлер қолбасшысының бұйрығымен белгіленеді.

18. Патрульді-бекеттік қызметін атқару кезінде мынандай құралдар:

1) автокөлік, арнайы автомобильдер, бронемашиналар, мотоциклдер, катерлер және велосипедтер, басқа көлік құралдары;

2) радио мен сымдық байланыс біріктірілген деректер базасына қосылған борттық компьютерлер және арнайы техникалық құралдар (соның ішінде телевизиялық бақылау жүйесі, электромегафондар);

3) табельдік атыс қаруы, жабдықтар және арнайы құралдар;

4) жарықтандыратын құралдар, арнайы аппаратура және басқа техникалық құралдар;

5) қызметтік жануарлар (иттер, аттар) қолданылады.

Патрульдік автомобильдер байланыс құралдары және арнайы техника құралдарымен тиесілік табеліне сәйкес жабдықталуы тиіс және барынша салмақпен пайдаланулары қажет. Әрбір патрульдік автомобиль ауыстырушы жүргізуші полиция қызметкерімен қамтамасыз етіледі.

Полицияның кешенді күштері саптық бөлімшелерінің жеке құрамы мен автокөлігін басқа мақсатта пайдалануға тыйым салынады.

Ескерту: 18-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

## 2 ТАРАУ. ЛАУАЗЫМДЫ АДАМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАУДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

19. ІІД, Көліктегі ІІД (бұдан әрі - КІІД) бастықтары мен қызмет жөніндегі орынбасарлары тиісті облыс, қала аумағындағы қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етуге жауап береді:

1) ІІО жүйесінде озық тәжірибе мен қазіргі техникалық құралдарды енгізу негізінде патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру және басқару нысандары мен әдістерін жетілдіреді;

2) қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыруда, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алуда ішкі істер органдарының барлық күштері мен құралдарын кешенді пайдалануды, олардың бұқарамен, мемлекеттік емес күзет құрылымдарымен өзара іс-әрекет жасауын қамтамасыз етуге, жедел жағдайдағы өзгерістерді есепке ала отырып облыс, қала, темір жол (су бассейні) көлемінде дер кезінде күштер мен құралдардың маневрін жүргізеді;

2-1) Астана қаласында, әкімшілік бөліктері бар облыс орталықтарында және қалаларда, ал Алматы қаласында аудандар бойынша қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған полицияның кешенді күштерін күнделікті бірыңғай қызметке таратуды өткізуді қамтамасыз етеді;

3) қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындауға полицияның саптық бөлімшелерінің дайындығын және кәсіби деңгейін жоғарылатуға және жеке құрамның, автокөліктің және басқа техникалық құралдардың орнымен пайдаланылуына күнделікті бақылауды жүзеге асырады;

4) белгіленген тәртіп бойынша бөлімшелердегі кадрларды таңдау,

орналастырып қою және тәрбиелеуді, олардың кәсіби дайындықтарын, жеке құрамды әлеуметтік және құқықтық қорғауды қамтамасыз етеді;

5) патрульді-бекеттік қызметке қатысатын жеке құрамның материалдық-техникалық жабдықталуына және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыздандырылуына ұдайы көңіл бөледі.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

20. ІІД, Көліктегі ІІД қоғамдық қауіпсіздік басқармаларының бастықтары мен олардың патрульдік полиция қызметін ұйымдастыру жөніндегі орынбасары патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру үшін дербес жауапкершілікте болады:

1) көшелер мен басқа қоғамдық орындардағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар жағдайы мен динамикасын үнемі сараптайды және осының негізінде пайдалану жоспарын әзірлеуді полицияның кешенді күштерін тиімді орналастыруды және үйлестіруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ оларды жедел жағдай күрделенген аудандарда патрульді-бекеттік қызметті күшейту мақсатымен маневрлау туралы ұсыныстар енгізеді;

2) патрульді-бекеттік қызметті атқару және ұйымдастыруға, жеке құрамның тәртіп пен заңдылықты, нысандық киімді кию ережесін, нарядтар қоюдың міндетті нормаларын сақтауына, күштер мен құралдарды орынды пайдалануына бақылауды жүзеге асырады;

3) қалалық, аудандық, желілік органдардың бастықтары мен полицияның саптық бөлімшелері командирлеріне жеке құрамды қайта даярлау және оқытуды ұйымдастыруға көмек көрсетеді;

4) басқа қызметтердің басшыларымен бірге қызметке түсер алдында нарядтардың сапалы нұсқамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ озық әдісті патрульді-бекеттік қызмет тәжірибесіне енгізу және үйренуді қамтамасыз етеді;

5) оларды қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдыра отырып, күнделікті өзара іс-әрекет жасауды ұйымдастыру жөнінде жұртшылықпен жұмыс жүргізеді.

Ескерту: 19-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

21. Қалалық, аудандық, желілік органның бастығы және оның қызмет жөніндегі орынбасары қызмет көрсетілетін аумақта қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастыруға жауап береді:

1) көшелер мен басқа қоғамдық орындардағы қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтар жағдайы мен динамикасын үнемі сараптайды және осының

негізінде патрульді-бекеттік қызметке қатысушы полицияның кешенді күштерін тиімді орналастыруды қамтамасыз етеді;

2) полицияның кешенді күштері мен құралдарын қоғамдық тәртіпті сақтауға пайдалану жоспарларын бекітеді;

3) полицияның кешенді күштері мен құралдарын пайдалану жоспарына сәйкес және жағдайдың өзгеруін есепке ала отырып келесі тәуліктерде патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру жөнінде күнделікті шешім қабылдайды. Бекет қызметкері шешімді ведомоспен ресімдейді және автокөліктерді бөлу мен нарядтарды қоюдың міндетті нормаларының орындауын қамтамасыз ету керек;

4) озық әдісті патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру тәжірибесіне енгізу және үйренуді қамтамасыз етеді;

5) кезекшілік бөлім арқылы нарядтарды жедел басқарады, олардың өзара іс-қимылдарын, сондай-ақ жағдайдың күрделенген жерлерінде күштер мен құралдарды уақытында оңтайландыруды қамтамасыз етеді;

6) басқа қызметтер мен бөлімшелердің бастықтары мен жедел-басқару құрамының қатысуымен қызметке түсетін нарядтардың нұсқамаларын дайындауды және жүргізуді ұйымдастырады;

7) нарядтардың қызмет атқаруына, олардың заңдылықты және тәртіпті сақтауына, сондай-ақ олардың тікелей тағайындауы бойынша саптық бөлімшенің күштері мен құралдарының орнымен пайдаланылуына жеке бақылау жасайды, осыған қалалық, аудандық, желілік органның басшылық, инспекторлық және жедел құрамын жұмылдырады;

8) нарядтардың, саптық бөлімшенің жұмыс қорытындыларын толық есепке алуды және объективті баға беруді қамтамасыз етеді, озық әдісті енгізу және күштер мен құралдарды басқаруды жетілдіру негізінде оның тиімділігін арттыруға қажетті шараларды қабылдайды;

9) нарядтардың қызмет өткеру орындарында қылмыс жасаудың әрбір фактісі бойынша дер кезінде қызметтік тексеру жүргізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

22. Қалалық, аудандық, желілік органы қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің, бөлімшесінің бастығы:

1) патрульді-бекеттік қызметін, полицияның кешенді күштері мен құралдары қызметін үйлестіру жөніндегі аға инспекторлардың (инспекторлардың), жедел басқару орталықтарының (бұдан әрі - ЖБО) инспектор-навигаторлары мен бейнебақылау операторларының жұмысын ұйымдастыруға, сондай-ақ саптық бөлімшелердің жеке құрамын оқытуға тікелей қатысады;

2) қалыптасқан жедел жағдай негізінде қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын бөлімшелердің басшыларымен күштер мен құралдарды кешенді пайдалану жоспарын әзірлейді, қалалық, аудандық, желілік органдардың бастығына оған түзету енгізу жөнінде ұсыныс және ағымдағы тәуліктерде патрульдік қызметті ұйымдастыру бойынша шығарылған шешім жобасын береді;

3) полицияның кешенді күштері нарядтарының қызметін, қызметтік іс-қағаздарының дұрыс жүргізілуін тексереді; анықталған кемшіліктерді жояды және орган бастығына жеке құрам мен техникалық құралдардың орынсыз пайдаланылу фактілері туралы баяндайды;

4) нарядтардың мерзімінде қарумен, арнайы және басқа техникалық құралдармен, сондай-ақ қызметтік құжаттармен қамтамасыз етілуін қадағалайды;

5) жедел жағдай туралы объективті ақпарат алу және қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күресте бірлескен іс-қимылдарды үйлестіру мақсатында криминалдық полиция қызметтері және қоғамдық қауіпсіздік полициясының бөлімшелерімен үнемі өзара іс-қимыл жасайды;

6) патрульді-бекеттік қызметті атқару және ұйымдастырудың үлгілі тәжірибесін насихаттайды және таратады;

7) патрульді-бекеттік қызмет және қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша есепке алу және есеп беру жүргізеді;

8) нарядтардың қызмет өткеру орындарында қылмыс жасаудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізеді және қызметтік тексерудің қорытындысын бекіту үшін қалалық, аудандық, желілік органның бастығына ұсынады.

Ескерту: 22-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

22-1. Қалалық, аудандық, желілік органның полицияның кешенді күштері қызметін үйлестіру жөніндегі аға инспекторы, ІІД ЖБО полицияның күштері мен құралдарын басқару тобының аға инспекторы:

1) патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыруға тікелей қатысады, полицияның кешенді күштері мен құралдары қызметін үйлестіру жөніндегі инспекторлардың, жедел басқару орталықтарының инспектор-навигаторлары мен бейнебақылау операторларының жұмысын ұйымдастырады;

2) полицияның кешенді күштері нарядтарының қызмет өткеруін, қызметтік құжаттаманың дұрыс жүргізілуін тексереді; анықталған кемшіліктерді жояды және жеке құрам мен техникалық құралдарды өзге мақсатта пайдалану фактілері туралы тікелей бастығына баяндайды;

3) полицияның кешенді күштері барлық нарядтарын жедел басқаруды жүзеге

асырады, ақпаратты жұмыс картасына енгізеді (күштер мен құралдарды басқару тобының экрандық нысанына), қосымша ақпаратпен қамтамасыз етеді және олардың іс-әрекетін үйлестіреді;

4) нарядтарды қару-жарақпен, жабдықпен, басқа да арнайы және техникалық құралдармен, сондай-ақ қызметтік құжаттамамен уақытылы қамтамасыз етіуді бақылайды;

5) патрульді-бекеттік қызмет және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі патрульдік-бекеттік нарядтар қызметінің нәтижелері бойынша есептер мен есеп беруді жүргізеді;

6) нарядтардың қызмет өткеру орындарында қылмыс жасаудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізу үшін материалдар дайындайды және қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің, бөлімшесінің бастығына ұсынады.

Ескерту: 22-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

23. Полицияның саптық бөлімшесінің командирі және оның орынбасарлары қарамағындағы бөлімшеде жедел-қызметтік және қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыруға, оның қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі міндеттерді орындауға үнемі даярлығына, күштер мен құралдардың орнымен пайдаланылуына, жинақталуына, жеке құрамның тәртібіне және моральдық-психологиялық жағдайына дербес жауапкершілікте болады:

1) жеке құрамның әскери, қызметтік және дене шынықтыру дайындығын ұйымдастырады, қарамағындағылардың оқуы мен тәрбиесін жеке басшылыққа алады;

2) бөлімшені басқару әдістерін жетілдіреді, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін, полицияның патрульдік қызметінің озық нысандары мен әдістерін енгізеді;

3) жедел жағдайды сараптау негізінде полицияның кешенді күштері мен құралдарын пайдалану жоспарын әзірлеу барысында нарядтарды орналастыру, күштер мен құралдарды қою және оңтайландыру бойынша шешім қабылдау жөнінде ұсыныс енгізеді;

4) қалалық, аудандық, желілік орган басшылығымен бірлесе полиция нарядтарының нұсқамаларын жүргізеді және оған жеке қатысады, олардың қызмет атқаруына, жеке құрамның сыртқы түрі мен саптық бой түзеуіне, нысандық киім кию ережелерін сақтауға, қару және киім-кешек даярлығына ұдайы бақылау жасауды жүзеге асырады;

5) саптық бөлімшедегі нақты жағдайды жеке құрамның, қару-жарақтың, автокөліктің, байланыс құралдарының, химиялық қорғаныстың, арнайы және өзге техникалық құралдарын, қызметтік жануарлардың санын және

пайдаланылуын жан-жақты білуге тиіс;

6) полицияның саптық бөлімшесінің жұмыс қорытындысына толығымен және әрбір қызметкерге жеке есеп жүргізеді. Нарядтардың қызмет атқаруының тиімділігін сараптайды және оның деңгейін арттыру шараларын қабылдайды;

7) жеке құрамды іріктеу және орналастыруды жүзеге асырады, қарамағындағылардың іскерлік және моральдық қасиеттерін біледі, олардың функционалдық міндеттерін әзірлейді;

8) жеке құрамның қажеттіліктері мен сұраныстарын білуге және оларды қарастыру жөнінде уақытында шаралар қабылдауға тиіс, тұрғын-үй және өзге де әлеуметтік мәселелерді шешуге көмек көрсетеді;

9) қызмет атқару барысында қызметкерлердің жеке бас қауіпсіздігінің қажетті шараларын, табельдік қаруды, техника және арнайы құралдарды қолдану ережелерін сақтауын бақылайды;

10) қоғамдық тәртіпті сақтауға қызметтік жануарларды алу, ұстау, дайындау және пайдалануды қамтамасыз етеді;

11) полицияның саптық бөлімшесіне қызметтік үй-жай және қажетті жабдықтар бөлінуі туралы ұсыныстар енгізеді, үй-жайды ұстау және пайдалануды, оларда тазалық пен тәртіптің сақталуын, сондай-ақ қарамағындағылардың өрт қауіпсіздік ережелерін орындауын бақылайды;

12) саптық бөлімшенің жеке құрамының заңды бұзуын ескерту шараларын қабылдайды, ал қылмысты жасаған жағдайда дереу қызметтік тексеріс жүргізеді және аға бастыққа баяндайды;

13) нарядтардың қызмет өткеру орындарында қылмыс жасаудың әрбір фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізу тапсырылған қызметкерлерге тәулік ішінде қажетті барлық материалдарды ұсынады.

Ескерту: 23-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

24. ЖБО жедел кезекшісі қалалық, аудандық, желілік орган бойынша кезекші нарядтардың нұсқамаларын мерзімінде даярлауды және жүргізуді, полицияның кешенді күштерін оларды пайдалану жоспарына сәйкес үздіксіз басқаруды қамтамасыз етеді:

1) қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдайды, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы полицияның кешенді күштері мен құралдарының және жұртшылықтың орналастырылуын, олардың жұмыс тәртібін, бақылауды жүзеге асыру тәртібі және олармен байланыс тәсілдерін білуге тиіс;

2) ағымдағы тәуліктерде қабылданған шешімдерге сәйкес нарядтардың қызмет атқаруын жүзеге асырады, бекет қызметкері ведомосымен қарастырылған нарядтардың қызметке қойылу нормасының орындалуына, жеке құрамның,

автомотокөліктің орнымен пайдаланылуын, сондай-ақ бейнебақылау жүйесінің, бар автоматтандырылған деректер базасының үздіксіз жұмысын бақылауды жүзеге асырады;

2-1) ішкі істер органдары бөлімшелерінің жедел кезекшілеріне және полицияның кешенді күштері (бұдан әрі - ПКК) жоспарымен жұмылдырылған нарядтарға өкім береді, жедел-тергеу тобының (бұдан әрі - ЖТТ) қылмыс жасалған жерге уақытында шығуы жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

3) қызмет атқару кезінде нарядтармен байланыста болады, олардан жағдайдың өзгеруі туралы баяндамалар қабылдайды, жаңадан жасалған қылмыстар туралы мәліметтерді, іздеудегі қылмыскерлердің және тоналған мүліктің белгілерін және оған қатысты басқа да жедел ақпаратты уақытында береді, оларды іздестіруді ұйымдастырады;

4) қылмыстар мен құқықтық тәртіп бұзушылықтарды ескерту және алдын алуға, нарядтарды оңтайландыру жолымен жағдайдың күрделенген жерлерінде патрульді-бекеттік қызметті күшейтуге шаралар қабылдайды, күштерді орналастырудағы өзгерістер туралы қалалық, аудандық, желілік органның бастығына хабарлайды, ПСБ, ІӘ ЖМБ және АМБ командирлерін хабардар етеді;

4-1) күнделікті ақпаратта ПКК патрульді-бекеттік нарядтардың қылмысты ашуға қатысуы туралы мәліметтердің шынайы көрсетілуін бақылауды жүзеге асырады;

5) жедел-басқарушы және бұйрық беруші құрамның патрульді-бекеттік нарядтардың (бұдан әрі - ПБН) қызмет атқаруын тексеру кестесінің орындалуын бақылайды, бұл жұмысқа өзі қатысады;

6) қызмет атқару аяқталған соң нарядтардың қаруды, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды, байланыс құралдарын, қызметтік құжаттарды уақытында және толық өткізуін қамтамасыз етеді;

7) қалалық, аудандық, желілік органның бастығына ағымдағы тәулікте ПБН жұмыстарының қорытындысы, қызметтік тәртіптің жағдайы және заңдылықты сақтау туралы мәлімдейді.

Ескерту: 24-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен.

24-1. ЖБО-ның инспектор-навигаторы, полицияның кешенді куштері қызметін үйлестіру жөніндегі инспектор:

1) қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдайды білуі керек, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын полицияның кешенді күштері мен құралдарының қойылуы туралы қоғамдық қауіпсіздік қызметі беретін ақпаратты қабылдауды және компьютерлік бағдарламаға (жұмыс картасына енгізу) енгізуді жүзеге

асырады;

2) автопатрульдердің орын ауыстыруына жерсеріктік жүйе бойынша бақылау жасайды, олардың қозғалыс жылдамдығын, патрульдеу учаскесі ауданындағы орналасқан жерін бақылайды, жеке құрамның, патрульдік автокөліктің тікелей мақсатында пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, бағыттан ауытқу және тұру уақытының ұзақтығының себебін сұрайды, бұл туралы уақытылы ПКК жөніндегі аға инспекторға баяндайды;

3) қызмет өткеру кезеңінде нарядтармен байланыста болады, олардан жағдайдың өзгеруі туралы баяндама қабылдайды, бақылау жүйесі бойынша жедел жағдайды бақылауды жүзеге асырады, құқық бұзушылық жасалған жерге нарядтарды дер кезінде жібереді және олардың келуін бақылайды, жаңадан жасалған қылмыс, іздестірудегі қылмыскерлердің және ұрланған мүліктің ерекше белгілері туралы мәлімет және оларға қатысы бар басқа да жедел ақпарат береді, оларды іздестіруді ұйымдастырады;

4) қылмыстар мен құқықтық тәртіпті бұзудың алдын алуға және жолын кесуге, құқық бұзушыларды ұстауға, нарядтардың маневр жасауы арқылы жағдай шиеленіскен жерлерде патрульді-бекеттік қызметті күшейтуге шаралар қабылдайды, күштердің орналасуындағы өзгерістер туралы қалалық, аудандық, желілік органның кезекшісіне немесе бастығына баяндайды, қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің, бөлімшесінің бастығын, полицияның саптық бөлімшелерінің, ішкі әскерлердің жедел мақсаттағы бөлімдері (бұдан әрі - ЖМБ) мен арнайы моторланған бөлімдерінің (бұдан әрі - АМБ) командирлерін хабардар етеді;

5) нарядтардың сұрауымен ұсталған адамдарды, автокөліктерді және заттарды деректер базасының есебі бойынша тексеруді қамтамасыз етеді.

Ескерту: 24-1-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

24-2. ЖБО-ның бейнебақылау операторы:

1) азаматтар көп жиналған орындарды тәулік бойы бейнебақылауды жүзеге асырады;

2) қозғалысы көп қиылыстардағы, көше қылмыстары жасалуы ықтимал жерлердегі жағдайды бақылайды, автокөліктерге бақылау жасайды;

3) полицияның кешенді күштері мен құралдарының қозғалысын бақылауды жүзеге асырады;

4) жедел жағдай шиеленіскен, қылмыс туралы хабар келіп түскен кезде бейнекамераны анықтайды және қылмысты ашу және ПКК маневр жасауы мақсатында бейнебақылау жүргізеді.

Ескерту: 24-2-тармақпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2006

жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

25. Учаскелік полиция инспекторы өз құзыреті шегінде:

1) өзіне бекітілген учаскеде қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асырады;

2) қылмыстың жолын кесуде және қылмыскерлерді ұстауда нарядтарға көмек көрсетеді, ПКК мен жұртшылықтың арасында өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастырады;

3) учаскеде жедел жағдайдың өзгеруі туралы қалалық, аудандық, желілік органның бастығы мен кезекшісіне баяндайды және қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын күштер мен құралдардың барынша мақсатқа сай қойылуы және пайдалануы туралы ұсыныстар енгізеді;

4) әкімшілік учаскеде ПКК нарядтарының қызмет өткеруін тексереді;

5) қызмет көрсететін аумақта полицияның кешенді күштері болмаған кезде қоғамдық тәртіпті сақтауды өзінше жүзеге асырады.

Ескерту: 25-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

26. Желілік бөлім бастығы (ішкі істер бөлімшесінің, полицияның желілік пунктінің) қызмет көрсететін темір жол учаскесінде (су бассейнінде, әуежайда) қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастырады:

1) қарамағындағы полиция қызметкерлерінің бекітілген бекеттер мен бағыттарға сәйкес қызметтерін ұйымдастырады;

2) көліктегі ішкі істер органдарының қызмет атқаруына нұсқама береді және тексереді;

3) жеке құраммен тұрақты түрде қызметтік сабақтар жүргізеді;

4) аумақтық ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметті жүзеге асырушы нарядтарымен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

5) қызмет көрсетілетін учаскедегі жағдай күрделенгенде патрульдік полиция күштері мен құралдарын күшейту жөнінде Көліктегі ІІД, КІІО бастықтарына ұсыныстар енгізеді.

27. Жол полициясы бөлімшелерінің, ІІО мамандандырылған күзет бөлімшелерінің бастықтары жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, жеке және сондай-ақ заңды тұлғалардың өмірлерін, денсаулықтары мен мүліктерін құқыққа қарсы қол сұғушылықтан қорғау жөнінде қызмет көрсетеді, оларға бағынышты қызметкерлер полицияның кешенді күштерін пайдалану жоспары бойынша қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысуын ұйымдастырады:

1) көрсетілген жоспарды әзірлеу және бекеттері мен қарамағындағы бөлімшелер бағыттарын есепке ала отырып, қоғамдық тәртіп сақтауға шешім қабылдау бойынша бастыққа ұсыныстар жасайды;

2) қарамағындағы полиция қызметкерлерінің қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы басқа қызметтердің ПБН-мен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

3) кешенді күштер нарядтарының қызмет атқаруын тексеруге және нұсқама беруге қатысады, полицияның саптық бөлімшелерінің полиция қызметкерлеріне арнайы әдістер мен өз қызметтерінің жұмыс бағыты бойынша іс-қимыл тактикасына үйретеді;

4) полиция нарядтарының күзетілетін объектілерден ұрлықтарды, өздерінің бекеттері мен патрульдеу бағыттарындағы іс-қимылдар аймағында қоғамдық тәртіпті бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

5) орталықтандырылған байқау пункттеріне қосылған қауіпсіздік жүйелерінің (күзет, өрт және дабыл құралдары) іске қосылуына полиция нарядтарының жедел қимыл жасауын қамтамасыз етеді;

6) қылмыс жасаған адамдарды іздестіру, қудалау мен ұстау жұмыстарына жедел қимылдайтын топтарының қатысуын ұйымдастырады;

7) қарамағындағы нарядтардың қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жөніндегі жұмыс қорытындыларын ескереді.

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

28. Криминалдық полиция қызметі, тергеу, көші-қон полициясы бөлімшелерінің бастықтары полиция кешенді күштерінің нарядтарын орналастыруға ұсыныстар енгізеді:

1) жедел жағдайды сараптау негізінде сол тәулікке арналған шешім қабылдау және полицияның кешенді күштерін пайдалану жоспарын әзірлеу үшін қалалық, аудандық органның бастығына ұсыныстар енгізеді;

2) қарамағындағы бөлімшелердің жеке құрамымен кешенді күштер нарядтарымен өзара іс-қимылдарын ұйымдастырады;

3) жасалған қылмыстар, қылмыскерлердің шамамен болуы мүмкін жерлері, ұрланған заттар, іздестірудің тоқтатылғандығы туралы ПБН-тарды қалалық, аудандық, желілік орган бойынша кезекшісі арқылы хабардар етеді, сондай-ақ нарядтардан келіп түскен мәліметтерді тексеру жөнінде дер кезінде шаралар қолданады;

4) нарядтар жеке іздеу, ауызша суреттеуді пайдалану, қылмыскерлерді тани білу және ұстау, жеке басын куәландыратын құжаттарды тексеру, қылмыс іздерін анықтау мен сақтау, оқиға болған жердің сол қалпында сақталуын қамтамасыз ету, қылмыс куәлері мен сезіктілерді анықтау және әшкерелеу әдістеріне үйретеді;

5) әзірленген кестеге сәйкес нарядтарға нұсқама беру мен олардың қызмет атқаруын тексеруге қатысады.

## 3 ТАРАУ. ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ Параграф 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

29. Патрульдік қызметке жұмылдырылған полицияның кешенді күштерін басқару - бұл ІІД, Көліктегі ІІД басшыларының, қалалық, аудандық, желілік органдар басшылары полицияның кешенді күш-құралдарын ЖМБ мен АМБ қоғамдық тәртіпті тиімді сақтауды қамтамасыз етуде, қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын-алу, жедел жағдайдың күрделену барысында, ерекше және төтенше жағдайларда тосыннан туындаған міндеттерді орындауға әрқашан дайын болудың күнделікті және мақсатты қызметі.

Полицияның кешенді күштерінің нарядтарын басқаруға:

1) жедел жағдайды сараптау және осының негізінде патрульді-бекеттік қызмет атқаруды ұйымдастыруға шешім әзірлеу және қабылдау;

2) күш-құралдарды, алға қойылған міндеттерді орындау үшін даярлау, нарядтарға нұсқама беру;

3) ПБН-мен ұдайы, тұрақты байланыста болу, уақытымен ақпарат алмасуды қамтамасыз ету;

4) өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастыру, күштер мен құралдардың оңтайландырылуы;

5) патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру және атқарылуын бақылау;

6) ПБН қызмет нәтижелерін есепке алу мен бағалау кіреді.

30. Қызмет өткеру кезеңінде патрульдік нарядтарды жедел басқару ЖБО-ға және полицияның кешенді күштері қызметін үйлестіру жөніндегі инспекторларды (навигаторларды) және айналымды радио байланысты пайдалана отырып, қалалық, аудандық, желілік органдардың кезекші бөлімдеріне жүктеледі.

Ескерту: 30-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

31. Патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру жөніндегі шешімдер: бір жылға - қажет болған жағдайда кейіннен, жыл мерзіміне сай одан әрі міндетті түзетулер енгізілетін полицияның кешенді күштері мен құралдарын қоғамдық тәртіпті сақтауға пайдалану жоспарымен (1-қосымша); ағымдағы тәулікке - бекет ведомосымен (2-қосымша); нақты қойылған міндетті атқару үшін бұйрықпен, арнайы жоспармен немесе ауызша нұсқаумен қабылданады және рәсімделеді.

Полицияның кешенді күштері мен құралдарын пайдалану жоспарын

аумақтық ішкі істер органының бастығы бекітеді.

Бұл ретте:

1) қаланың (ауданның) географиялық, әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері, тұрғындардың саны, көші-қоны, өзге қаланың азаматтарының келуі, көшелердің сипаттамасы, кәсіпорындардың, ұйымдардың және мекемелердің, рұқсат ету жүйесі объектілерінің, банктердің, ІІО-ның арнайы мекемелерінің орналасқан жері мен жұмыс тәртібі;

2) жыл мезгілі мен тәулікті және метеорологиялық жағдайларды есепке ала отырып, көшелер мен басқа да қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың, әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны, деңгейі, үрдісі мен құрылымы;

3) патрульді-бекеттік нарядтардың орналасуы және оның нақты қалыптасқан жедел жағдайға сай болуы;

4) патрульді-бекеттік қызметке қатысатын нарядтардың, бөлімшелердің жұмыс нәтижелері, сондай-ақ жеке құрамның қару-жарақпен, байланыс құралдарымен, патрульдік көлікпен қамтамасыз етілуі және олардың қолданылуы ескеріледі.

Ескерту: 31-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

32. Жедел жағдайды меңгеру барысында ақпарат көздері:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес жағдайын сипаттайтын статистикалық есеп, сараптамалық материалдар, жедел және жұмыс карталары ( кескіндемелер) және басқа құжаттар (3-қосымша), жасалған қылмыстар және қылмыскерлерді іздестіру туралы бағдары;

2) полиция қызметтері мен бөлімшелерінің қызметкерлерінен келіп түскен жедел көрсеткіштер, мәліметтер;

3) патрульді-бекеттік нарядтардың баяндамалары;

4) ішкі істер органдарының, қылмыстық атқару жүйесі мекемелерінің, ішкі әскерлердің әскери бөлімшелерінің хабарламалары;

5) басқа құқық қорғау органдарының материалдары;

6) мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің, ұйымдар мен бірлестіктердің мәліметтері, азаматтардың өтініштері;

7) баспасөз, радио, теледидар мәліметтері болып табылады.

33. Шешім қабылдамастан бұрын қалалық, аудандық, желілік орган бастығы, полицияның саптық бөлімшесінің командирі қажетті жағдайларда өзінің орынбасарлары және қарамағындағы бөлімше мен әскери бөлім басшыларын, командирлерін қатыстыра отырып, тиісті орындарда есептік қарау ( рекогносцировка) жүргізеді. Оның барысында күш-құралдардың есебі мен орналастырылуы дәлірек айқындалып, бекеттердің, патрульдеу бағыттарының

орналастырылуы, нарядтардың түрі мен құрамы, олардың қызмет атқару тәртібі мен уақыты ерекше міндеттері, саны, орналасуы мен резервтің міндеттері белгіленеді.

Рекогносцировка жүргізу бұқаралық шаралар өткізу, табиғи апаттар, ірі өндірістік апаттар, эпидемиялар мен эпизоотиялар кезінде, сондай-ақ қоғамдық тәртіп пен жаппай тәртіпсіздікті топтасып бұзуды залалсыздандыру мақсатында, қоғамдық тәртіпті сақтауды ұйымдастыру үшін шешім әзірлегенде міндетті болып табылады.

34. Патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастыру шешімінде:

1) қалалық, аудандық, желілік органның қалыптасқан жедел жағдайдан туындайтын жалпы міндеті;

2) жеке құрам мен техникалық құралдарды бөліп шығарудың міндетті нормалары;

3) ПБН құрамы, орналастырылуы және міндеттері, қызмет атқарудың ерекшеліктері, олардың арасында, полицияның басқа қызметкерлерімен өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру;

4) жағдай өзгерген кезде күш-құралдардың маневр нысандары мен мүмкіндіктері;

5) нарядтармен байланыста болу жүйесі, ақпарат табыс ету мерзімдері, берілетін белгілер мен шартты белгілер;

6) патрульді-бекеттік қызметтің атқарылуын бақылау тәртібі қарастырылады.

35. Полицияның кешенді күштерін пайдалану жоспары қызмет көрсететін аумақтың шекарасында әзірленеді және оған ауданның, қаланың, көліктік учаскенің сызбасы, жедел жағдайға баға беру, жеке құрам мен көлік құралдарын қоюдың міндетті нормалары, бекеттер мен патрульдеу бағыттарының тізбесі, оның ішінде қоғамдық тәртіпті сақтауды күшейту кезеңінде жабылуға тиіс қосымша бағыттардың тізбесі, наряд түрлері, олардың өзара іс-қимыл жасасу тәртібі және басқа да қажетті мәліметтер жатады.

Полицияның кешенді күштері мен құралдарын пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеуге мынадай іс-шаралар жатады:

1) қаланың (ауданның), көлік учаскесінің сызбасын дайындау;

2) көше қылмыстарына және басқа да құқық бұзушылықтарға, олардың жасалған орны, уақыты, апта күндері және ай күндері, адамдар бойынша талдау;

3) қызметтер мен бөлімшелердің жеке құрамын қоғамдық тәртіпті сақтауға тәулік сайын бөліп қоюға, сондай-ақ техникалық құралдардың, тәулік ішінде шешім қабылдау үшін қажетті міндетті нормасын анықтау;

4) жол полициясы, мамандандырылған күзет қызметі, жылдам қимылдайтын арнайы жасақтың, ІІО-ның арнайы мекемелері бөлімшелерінің, оның ішінде

қосымша күштер мен құралдар бөлінген кезде патрульдеу бағыттары мен бекеттерін әзірлеу;

5) патрульдік полиция саптық бөлімшелерінің, ішкі әскерлердің ЖМБ мен АМБ бағыттары мен бекеттерін әзірлеу;

6) барлық қызметтер мен бөлімшелердің нарядтарын кешенді қоюды өзара іс-қимыл жасасуын және өзара орын ауыстыруын қамтамасыз ету тұрғысынан нақтылау және келісім негізінде орналастырылуына тиісті түзетулер енгізу;

7) күштер мен құралдарды бөліп қоюдың міндетті нормаларынан, шекараны, ауысымның басталу және аяқталу уақытын, нарядтың түрлерін, өзара іс-қимыл жасасу тәртібін, олардың құқықтық тәртіпті, жол қозғалысын қадағалауды және меншіктік объектілерді күзетуді қамтамасыз етудегі жалпы және ерекше міндеттері көрсетілген бекеттер мен бағыттары бар ПКК жоспарының мәтінін дайындау;

8) патрульдердің бағыттық карточкаларын, нұсқама және бақылау кестесін, байланыс сызбасын, нарядтарға нұсқамаларда пайдалану үшін кіріспе міндеттерді әзірлеу;

9) полицияның кешенді күштерінің жұмыс қорытындысын сипаттайтын мәліметтерді жинау үшін ақпараттық кестелер дайындау.

Ескерту: 35-тармақ жаңа редакцияда жазылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

36. Әрбір патрульдеу бағытында, бекетте қызмет атқару ерекшеліктері бағыт карточкасында (4-6-қосымшалар) айқындалып, онда:

1) патрульдеу бағыты, оның ара қашықтығы, шекаралары және бекет орталығы;

2) қызмет атқару уақыты;

3) ерекше назар аударуды қажет ететін объектілер мен аймақтар;

4) бағыт бойынша қозғалу тәртібі мен күзет атқарудың негізгі тактикалық әдістері;

5) нарядтардың қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылық фактілерінің алдын алу және жолын кесу жөніндегі, сондай-ақ жедел жағдай қиындаған кездегі әрекеттері;

6) көршілес нарядтармен, қалалық, аудандық, желілік органның кезекші бөлімімен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл және байланыс жасау тәртібі, сондай-ақ бұл учаскелердің бейнебақылау камераларымен жабылатын радиобайланыс өтпейтін аймақтары мен осы учаскелермен байланыс түрлері көрсетіледі.

Бекет орталықтары және олардың шекаралары, патруль бағыттары және олардың аялдау пункттері, қызмет атқарудың ерекшеліктері қалыптасқан жедел

жағдайға сәйкес белгіленеді және міндетті түрде жергілікті жерде жүйелі түрде нақтыланады.

Бағыт (бекет) карточкасы екі данада жасалады, оның біреуі кезекші бөлімде сақталады, екіншісі қызметке кірісер алдында нарядқа беріледі.

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

37. Кезекші ауысым ішінде қызмет атқару бір немесе бірнеше бағытта ( бекетте) жүзеге асырылуы мүмкін, осыған сәйкес патрульдеушіге (бекет қызметкеріне) тиісті карточкалар беріледі.

Нұсқама берілгенде бір бағыттан (бекеттен) екіншісіне ауысудың реттілігі мен тәртібі көрсетіледі.

Қосымша бекет немесе патрульдеу бағытын қойған кезде оларға қызмет атқару ерекшеліктері туралы нұсқау беру барысында түсіндіріледі және қызметтік кітапшаларында жазылады (7-қосымша).

38. Наряд түрлері мен олардың құрамы аумақтың ерекшеліктеріне және қалыптасқан жағдайға қарай белгіленеді. Әскери қызметшілермен бірлесіп қызмет атқарғанда наряд бір полиция қызметкері және екі әскери қызметшілер есебінен тағайындалады.

39. Нарядтарды шығару мен олардың қызмет атқару ұзақтығы тәуліктің аса шиеленісті сағаттарында және қылмыс жасалуы немесе қоғамдық тәртіп бұзылуы мүмкін орындарда нарядтар санын көбейте түсу есебімен белгіленеді.

40. Көшелер мен қоғамдық орындарда патрульдік қызмет атқару үшін наряд шығарудың, патрульдеу үшін автокөлік бөлудің тәуліктік мөлшері әрбір ішкі істер органында және полиция бөлімшелерінде ЖМБ және АМБ күш-құралдарды қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыспен күресте мейлінше пайдаланудың штаттық саны, сондай-ақ тәулігіне 8 сағаттан жабылатын бағыттар (бекеттер) үшін жеке құрамның 1,89 бірлік құрайтын қажеттілік коэффициенті ескеріле отырып айқындалады. Егер бағыттар (бекеттер) 8 сағаттан астам уақытқа жабылатын болса, коэффициент әрбір сағатта 0,24 бірлікке ұлғайтылады.

Қалалық, аудандық, желілік органның бастығы, полицияның саптық бөлімшесінің командирі патрульді-бекеттік нарядтардың қажетті қойылуына шаралар қолданады.

41. Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органының бастығы полицияның кешенді күштерін пайдалану жоспарының негізінде және жедел жағдайды ескере отырып, күн сайын сол тәуліктің 18 сағатына қарай сол тәулікте патрульді-бекеттік қызмет ұйымдастыру үшін күш-құралдар есебін, нарядтарды ауысым бойынша бөліп орналастыру, нұсқама беруші және қызмет атқарылуын бақылаушы адамдарды белгілеп шешім қабылдайды.

42. Полиция қызметкерін нарядқа тағайындау денсаулық жағдайы мен дене дамуы, жасы, жұмыс тәжірибесі және басқа жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қандай да бір бағытта, күзет орындарында қызмет атқару шарттарына неғұрлым толығырақ сәйкес болатын басқа да деректер ескеріле отырып жүргізіледі.

Полиция қызметкері бір-екі бағытта (бекетте) бекітіледі және аса бір қажеттілік болмаса басқа учаскелерге тағайындалмайды.

Оқу жиындарында алғашқы дайындықтан өтпеген және ант қабылдамаған полиция қызметкерлерін дербес түрде қызмет атқару үшін тағайындауға, қаруландыруға тыйым салынады.

43. Жедел жағдай күрт шиеленіскен, төтенше жағдайлар туындаған, бұқаралық шаралар өткізілген, рейдтер мен операциялар жүргізілген кездерде ерекше міндеттерді шешу үшін олардың маңыздылығы мен ауқымына қарай арнайы жоспарлар әзірленеді немесе бұйрықтар шығарылады.

## Параграф 2. НАРЯДТАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА НҰСҚАМА БЕРУ

44. Нұсқама беру және оған дайындық, әдетте, арнайы жабдықталған қызмет сыныбында (8-қосымша) өткізіледі. Патрульді-бекеттік қызмет атқару үшін нарядқа тағайындалушы адамдар ішкі істер органына немесе арнайы белгіленген орынға нұсқама берудің басталуына 15 минут қалғанда келеді. Олар келіп жеткендігі туралы кезекшіге және өз командиріне баяндайды.

Мысалы: "Лейтенант мырза! Сержант Тағышев қызмет атқару үшін келіп тұр".

Кезекші полиция қызметкерлерінің қызметке келіп жеткендігі туралы бекет ведомосына белгілейді, оларға қажетті қару-жарақ, жабдықтар, байланыс, жеке қорғану және арнайы құралдар мен қызметтік құжаттарын береді; патрульдеу бағытын, бекеті мен уақытын хабарлайды; жасалған қылмыстар, іздеудегі адамдардың белгілері, тоналған мүліктер туралы бағдар және басқа хабарламалармен таныстырады. Осыдан соң командир нарядты нұсқама беру үшін сапқа тұрғызады, әрбір полиция қызметкерінде болуға тиісті қару-жарақтың, жабдықтардың бар-жоғын тексереді және денсаулық жағдайын сұрайды. Кемшіліктер байқалған жағдайда оларды қалпына келтіру шараларын қолданады және нұсқама беруді жүргізуші адамға жеке құрамның қызмет атқаруға даярлығы туралы баяндайды.

Қаруды оқтау нарядқа нұсқама беруге сапқа тұрғызардың алдында команда бойынша, кезекшінің немесе командирдің қадағалауымен арнайы жабдықталған орындарда жүргізіледі. Осыған сәйкес, оқ салғышқа патрондар салынбайды.

45. Қызметке кірісуші наряд маусым бойынша нысандық киімде, сырт пішіні үлгілі және жарамды жабдықтары болуы тиіс.

Өзімен бірге:

1) қызметтік куәлігі;

2) қызметтік кітапшасы, бағыт, бекет карточкасы;

3) оқ толтырылған екі оқшантайы бар (магазин) табелдік атыс қаруы;

4) резеңке таяқшасы;

5) радиостанциялары;

6) кісені;

7) ысқырығы;

8) қызметтік сумка немесе планшеті, қаламы;

9) жеке пакеті (дәріқорап) болуы тиіс.

Орындайтын міндеттер сипатына байланысты қарай нарядқа қосымша:

10) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы есепке алынған хаттамалар бланктері;

11) электромегафондар;

12) қалталы электрлі фонарі;

13) арнаулы телефон, темір жол вагонының есіктерін ашатын кілттер;

14) жеке басын қорғау құралдары және басқа да арнаулы құралдар беріледі.

46. Күнделікті қызметке кірісер алдында нарядтарға нұсқама беруді қалалық, аудандық, желілік органның басшылары мен полицияның саптық бөлімшелерінің командирлік құрамы бекітілген кестеге сәйкес қоғамдық қауіпсіздік және криминалдық полиция қызметтері басшылары мен қызметкерлерін қатыстыра отырып жүргізіледі.

Нұсқама беру ұзақтығы 30 минуттан аспауға тиіс.

47. Нұсқама беруші қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдайды, әрбір бағытта (бекетте) қызмет атқару міндеттері мен тәртібін, ерекшеліктерін білуге, сондай-ақ нарядтардың өткен тәуліктегі іс-қимылдары мен жұмыс қорытындыларын бағалауға, полиция қызметкерінің білімін тексеру және әр түрлі жағдайда әрекет жасау тәсілдеріне үйретуге арналған кіріспе сұрақтарға жауап алуға тиіс.

Кіріспе міндеттер мен сұрақтар үнемі жаңарып және күрделеніп отыруға тиіс.

48. Нұсқама беруді жүргізуші басшы, командир сап құрамына жақындағанда взвод (бөлімше) командирі: "Наряд, тік тұр! Оң-ға (СОЛ-ҒА, ОРТАЛЫҚ-ҚА) түзел" - деп бұйрық береді де, нарядтың нұсқама беруге дайындығы туралы баяндайды. Мысалы: "Подполковник мырза! Құрамы 40 адамнан тұратын наряд нұсқама беру үшін сапқа тұрғызылды. Взвод командирі лейтенант Тимофеев". Мәлімдеме қабылдаған соң нұсқама беруші нарядқа: "Сәлеметсіздер ме,

мырзалар!" деп сәлемдеседі. Оның амандасуына наряд: "Сәлеметсіз бе, подполковник мырза!" деп жауап қайтарады. Бұдан кейін нұсқама беруші "Еркін тұр!" деген бұйрық береді.

49. Нұсқама беруші:

1) жеке құрамның қызмет атқаруға дайын екендігіне көз жеткізуге және анықталған кемшіліктердің жойылуына шара қолдануға;

2) патрульдік қызметкерлердің өз міндеттері мен құқықтарын, нормативтік актілердің жекелеген ережелерді арнаулы құралдарды және қаруды, іздестірілуші қылмыскерлер мен ұрланған заттардың ерекшеліктерін қолдану тәртібін білетіндігін тексеруге;

3) өткен тәуліктегі қызмет атқарудың нәтижелерін жариялауға, қажет болғанда кемшіліктері мен олқылықтарын түсіндіріп талқылауға, патрульдеушілердің үлгілі іс-қимылдарынан мысал келтіруге, үздік шыққан қызметкерлерді марапаттау туралы бұйрықтар оқуға;

4) жедел жағдайды жеткізуге, әрбір нарядқа қызмет атқарудың барлық кезеңінде жүктелетін нақты міндеттер қойып, ауысым, байланыс және қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдырылған барлық күштердің өз ара әрекеттесу тәртібін түсіндіруге;

5) полиция қызметкерлерімен кіріспе міндеттерді шешуді, осыған сәйкес қызмет атқарудың неғұрлым ерекше тактикалық әдістерін, оның ішінде ерекше жағдайда (қадағалау жүргізу, қылмыскерлерді аз ғана белгі-нышандары бойынша анықтау, қоғамдық тәртіпті топтасып бұзудың алдын алу мен жолын кесу, қарулы қылмыскерлерді ұстау) талдау;

6) заңдылықты сақтау, сондай-ақ азаматтармен зейін қойып, ілтипатты қарым-қатынас жасау қажеттілігі, қызмет атқару кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау туралы нарядтың есіне салуға, полиция қызметкерлерінің сұрақтарына жауап беруге. Күнделікті нұсқама беруді өткізу қызметке кірісу жөнінде бұйрық берумен аяқталады.

Мысалы: "Наряд, тік тұр!" Астана қаласында қоғамдық тәртіпті сақтауға кірісуді бұйырамын. Қызмет атқару барысында заңдылықты сақтау, азаматтармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік, әділеттілік пен кішіпейілділік көрсетілсін.

ОҢ-ҒА (СОЛ-ҒА), бағыттар мен бекеттер бойынша қадам бас!".

50. Қалалардың аудандарында және ауданға бөлінбейтін қалаларда күн сайын патрульді-бекеттік қызметке жұмылдырылған полицияның кешенді күштерінің барлық нарядтарының бірлескен нұсқамалары өткізіледі. Бірлескен нұсқама берудің дайындығы мен өткізілуін ұйымдастыру жұмыстары қоғамдық қауіпсіздік басқармаларына (бөлімдеріне, бөлімшелеріне) жүктеледі. Жалпы сап тұрғызылғаннан кейін, басшылық құрам нарядтардың сырт пішіні мен

қару-жарағын, ал жол полициясының қызметкерлері, инженерлер мен техниктер автокөлік пен байланыс құралдарының техникалық жағдайын тексереді. Нұсқама беруші бастық (басшы) осы Нұсқаулықтың 46-50 баптарына сәйкес нұсқаманы жүргізеді. Бірлескен нұсқаманың ұзақтығы бір сағаттан аспауы керек.

Нұсқама беру қызметке кірісу жөнінде бұйрық берумен және салтанатты шерумен аяқталады. Бірлескен нұсқама беруге қатысушы нарядтар үшін басқа нұсқама берулер жүргізілмейді.

Ескерту: 50-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 , 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрықтарымен .

## Параграф 3. БАЙЛАНЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

51. Қазақстан Республикасының Ішкіісминінің жүйесінде байланыс ішкі істер органдары мен бөлімшелерін үнемі басқаруды қамтамасыз ететін негізгі құрал болып табылады. Оны ұйымдастыру схемасы ішкі істер органдарының құрылымымен, оның алдында тұрған міндеттерімен және оны орындау барысында өзара іс-қимыл жасау қажеттілігімен негізделеді.

Әрбір ішкі істер органы мен бөлімшелеріндегі байланыс осы орган бастығының шешімі бойынша жоғары тұрған бастықтың өкіміне сәйкес, сондай-ақ бар күштер мен құралдарды есепке ала отырып ұйымдастырылады. Ішкі істер органдарындағы байланыс ақпараттың барлық түрін беру сенімділігінің, уақытында, шек келтірмеу және құпиялық талаптарын қанағаттандыруы тиіс.

Байланысты ұйымдастыру ішкі істер органы немесе бөлімше бастығының ерекше міндеттерінің бірі болып табылады. Байланысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді орындау:

1) байланысты ұйымдастыру тәсілін дұрыс таңдаумен;

2) ішкі істер органы немесе бөлімшесінің жеке құрамының байланысты пайдалану және байланыс арналары бойынша сөйлесуді жүргізу ережелерін нақты білу және дәл атқарумен;

3) байланысты пайдаланудың жоғарғы тәртіптілігімен;

4) байланыс құралдары мен арналарын тиімді пайдаланумен;

5) байланыс техникасын оның тағайындалуына және оны пайдалану талаптарына сәйкес қолданумен;

6) дер кезінде техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастырумен;

7) байланыстың қосалқы жабдықтарының, күнделікті қолданыстағы және резервтік байланыс арналарының болуымен қамтамасыз етіледі.

52. Қоғамдық қауіпсіздік бөлімшелерінің байланысын ұйымдастыру үшін радио, байланыстың сымдық, белгілік құралдары, теледидар, сондай-ақ шабармандар қолданылады. Сыртқы қызметпен байланыстың негізгі түрі радиобайланыс болып табылады. Қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтау жөніндегі ПБН мен басқа қосалқы күштерді басқару қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының кезекшілік бөлімдерінен немесе ЖБО байланыс құралдарының көмегімен жүзеге асырылады. Радиобайланысты ұйымдастыру радиобайланыстың бекітілген схемасы және осы схема үшін әзірленген радиошақырылымдарға сай жүзеге асырылады. Радиожелінің сенімді және үздіксіз жұмысының маңызды шарты радиоауыстыру жүргізудің төменде келтірілген ережелерін бұлжытпай сақтау болып табылады. Радиожелінің жұмысына және эфирде тәртіп сақтау тәртібіне бақылау жасау желінің бас радиостанциясына жүктеледі.

Сымдық құралдар (қалалық және арнайы телефондар) нарядтармен байланыс үшін радиобайланыс жоқ кезде қолданылуы мүмкін.

Байланыс құралдары жоқ немесе оларды пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде, сондай-ақ жеке нұсқауларды нақтылау немесе қайталау үшін көліктегі немесе жаяу шабармандар пайдаланылуы мүмкін.

Теледидар қызмет көрсетілетін аумақтың аса маңызды учаскелерінде ( объектілерінде) қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік жағдайына бақылау жүргізу және нарядтардың іс-қимылдарын бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін.

## Параграф 4. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІО-НЫҢ РАДИОЖЕЛІЛЕРІНДЕ РАДИОАЛМАСТЫРУ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

53. ІО-ның радиожелілерінде радиоалмасуды жүргізу қатаң бекітілген тәртіптер бойынша жүргізіледі:

1) әр корреспондент (қолданыста радиостанциясы бар әрбір қызметкер) өз бөлімшесінің радиожелісіне енеді және өзінің каналының радиостанциядағы арнасының нөмірін білуге міндетті;

2) қажеттілік болмаса, басқа радиожеліде жұмыс істеуге тыйым салынады;

3) радиоалмасу қызметтік - байланыстың естілуін тексеру және жедел-қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты болып бөлінеді;

4) корреспондентті шақыру тек оған бекітіліп берілген шартты нөмір не шақыру белгісі бойынша жүргізіледі;

5) жүргізіліп жатқан радиоалмасуды қажеттіліксіз үзуге тыйым салынады, эфирде кезек сақтау керек, радиожелідегі бас радиостанция басымды болып

табылады;

6) корреспондентті қатарынан үш рет шақырады, бұдан кейін басқа корреспонденттерге бөгет жасамау үшін 5-10 минут үзіліс жасау керек;

7) эфирде сөйлесу қысқа, түсінікті сөздермен, қатты салмақты дауыспен жүзеге асырылады;

8) ақпаратты тек қызметтік сипатта ғана мәліметтерді беруге рұқсат етіледі, радиостанцияларды қызметтік емес мақсатта қолдануға тыйым салынады;

9) эфирде құпия ақпаратты, ІІО қызметкерлерінің лауазымдарын, әскери атақтарын, мекен жайларын беруге тыйым салынады.

Жедел мақсаттардағы белгілі міндеттерді шешу үшін ІІО бөлімшелеріне тез және жедел іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін қызметтік ақпарат санатына жататын адамдардың тегін, аты-жөнін, әкесінің атын, мекен жайларын беруге рұқсат етіледі.

## Параграф 5. ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ МЕН ОҢТАЙЛАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

54. Полицияның кешенді күштерінің алдына қойылған міндеттерді орындаудағы басты шарты көшелер мен қоғамдық орындарда қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы ПБН-дың, ішкі істер органдарының өзге бөлімшелерінің өзара іс-қимылын үздіксіз қамтамасыз ету болып табылады. Өзара іс-қимылды қамтамасыз етудегі жауапкершілік қалалық, аудандық, желілік органдардың бастықтарына, полиция қызметтері мен бөлімшелерінің бастықтарына, саптық бөлімшелер мен әскери бөлімдердің командирлеріне жүктеледі.

55. Өзара іс-қимылды жасаудың негізгі түрлері:

1) жедел жағдайды ПБН-тарға дер кезінде жеткізу;

2) келісілген жұмыс жоспарларын әзірлеу;

3) әрбір бөлімшеге немесе ПБН жалпы және нақты міндеттер қою;

4) бірлескен нұсқама берулерді жүргізу;

5) қалыптасқан жағдай туралы байланыс жасау және өзара ақпарат алмасу жүйесінің тәртібін анықтау;

6) бірлескен үйлестіру, оның ішінде бірыңғай нарядтар құрамында қызмет өткеру іс-шараларын жүзеге асыру;

7) күнделікті міндеттерді орындау кезінде және төтенше жағдайлар қалыптасқан кезде ПБН-ды қатыстыра өзара көмек көрсету;

8) қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы барлық қызметтер мен бөлімшелердің жұмыс қорытындысын кешенді түрде бірлесе шығару болып табылады.

56. Полицияның саптық бөлімшелері командирлерінің өзі соның жедел қарамағында болатын қалалық, аудандық, желілік орган бастығының жетекшілерімен өзара ақпараттарымен алмасу, жедел жағдайды бірлесіп талдау, нарядтардың қызмет өткеру орындарында қылмысқа жол берудің әрбір фактісі бойынша қызметтік тексеру жүргізу жедел кеңестерге өзара іс-қимыл жасайтын тараптар өкілдерінің қатысуы, сондай-ақ барлық нарядтардың келісілген іс-қимыл тәртібі және қызмет атқаруда өзара көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту: 56-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

57. Шиеленіскен жедел жағдай қалыптасқан жерлерде патрульді-бекеттік қызмет күш-құралдарын ұйымдасқан түрде және дер кезінде шоғырландыру үшін (белгіленген дислокацияның ауысуы) маневр қолданылады.

Жедел жағдай ахуалына байланысты маневр ауысым, кезекші тәулік уақытында немесе одан да ұзақ уақытта жүзеге асырылуы мүмкін.

58. ІІД, КІІБ-ның жетекшілері маневрды күш-құралдар арқылы тиісті облыс, қала, темір жол масштабына сәйкес жүзеге асырады, қажет болғанда, патрульді-бекеттік қызметті ішкі істер органдары, ЖМБ және АМБ қызметкерлерін қосымша бөлу есебінен күшейтеді. Қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының бастықтары қажет болғанда, қалада немесе ауданда, жекелеген учаскелерде, көлік магистральдарында және КІЮ-ның басқа да объектілерінде күштер мен құралдардың орын алмастыруын жүзеге асырады.

59. Маневрды жүзеге асыру жөніндегі шешімде:

1) маневрдың мақсаты және оның міндеттері;

2) бөлініп берілген нарядтардың саны және олардың көрсетілген ауданда (қалада) қызмет атқаратын уақыт ағымының кезеңі;

3) патрульдеу бағыттары мен бекеттердегі қызметтің басталу және аяқталу уақыты;

4) қосалқы топтың (резерв) болуы;

5) нарядтарды басқару және қызмет атқаруды бақылау тәртібі;

6) материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі көрсетіледі.

Маневр кезінде нарядтардың орын ауыстыруы бекет ведомосына жазылады.

60. Бір ауданда белгілі бір уақыт ағымында полицияның саптық бөлімшелері нарядтарының шоғырлану қажеттілігі пайда болғанда олар нұсқау беруден кейін немесе басқа бір белгіленген уақытта көрсетілген ауданға жіберіледі және сол жерде осы уақыт ағымында қызмет атқарады. Содан соң оларға бекітіліп берілген бағыттарға қайтады.

61. Жедел жағдайдың күрт шиеленіскен немесе төтенше жағдай қалыптасқан кездерде күштер мен құралдардың маневрі арнайы жоспар бойынша жүзеге асырылады. Полицияның кешенді күштеріне жедел және кейінге қалдыруға болмайтын маневр жасағанда, нарядтардың қойылуына тиісті өзгерістер:

1) аудандарға бөлінетін қала аумағында - ішкі істер департаменттеріне жедел баяндалатын баяндамамен бірге ІІД жедел кезекшісінің нұсқауымен;

2) қызмет көрсетілетін қала немесе учаске аумағында - ішкі істер органының бастығына, ІІД, КІІД-ның кезекшісіне жедел баяндалатын қалалық, аудандық, желілік орган кезекшісінің өкімімен;

3) аудандарға бөлінбейтін қала аумағында, аудандарда - орган бастығына жедел баяндалатын қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы кезекшісінің өкімімен енгізіледі.

Қажет болған жағдайларда полицияның саптық бөлімшелері нарядтарының орналастырылуына өзгерістер енгізу құқығы олардың командирлеріне беріледі, содан соң ол қалалық, аудандық, желілік орган бойынша кезекшіге хабарлайды.

Ескерту: 61-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

## Параграф 6. ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН АТҚАРУҒА БАҚЫЛАУ ЖАСАУ

62. Патрульді-бекеттік қызметін ұйымдастырылуын бақылау жеке құрамның қоғамдық тәртіпті күзетуде, әкімшілік құқық бұзушылық пен қылмысты ескерту мен алдын алуда белсенділігін қамтамасыз етеді.

63. Нарядтарды жүйелі тексеру жолымен бақылау жүзеге асырылады, ол кезде:

1) қалыптасқан жағдайға байланысты қабылданған шешімдерге сәйкес жеке құрамды пайдалану және техникалық құралдардың дұрыс орналастырылуы, нарядтардың өз бекеттерінде, бағыттарында болуы;

2) нарядтардың нақты және жедел басқарылуы, оларға жедел жағдайдың өзгерістері туралы ақпараттардың уақытында жеткізіліп отыруы;

3) нарядтардың бекеттегі, бағыт аумағындағы жағдайды, сондай-ақ өздерінің құқықтарын, жалпы және ерекше міндеттерін білуі;

4) нарядтардың қызмет атқару сапасы және олардың, қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алудағы белсенділігі;

5) патрульдік қызметті жүзеге асырушы нарядтар арасында, қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы полицияның басқа бөлімшелерінің қызметкерлерімен өзара іс-қимыл жасау деңгейі;

6) нарядтардың заңдылық пен тәртіпті сақтауы;

7) күзет орнында, бағытта жасалған қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың саны және олар жөнінде қолданған шаралар;

8) қызметтік құжаттардың дұрыс рәсімделуі мен жүргізілуі анықталады.

64. Патрульді-бекеттік қызметті:

1) Ішкіісминінің, ІІД, Көліктегі ІІД-нің басшы құрам адамдары әрбір жол сапарға немесе қалалық, аудандық, желілік органдар мен бөлімшелердің қызметкерлерін инспекциялау кезінде;

2) қалалық, аудандық, желілік органдардың бастықтары, олардың орынбасарлары, полицияның саптық бөлімшелерінің командирлері - айына кем дегенде екі рет;

3) полицияның саптық бөлімшелері командирлерінің орынбасарлары, сондай-ақ қалалық, аудандық, желілік органдары қоғамдық қауіпсіздік полициясының инспекторлық құрамы аптасына кем дегенде бір рет;

4) патрульді-бекеттік қызмет атқаратын бөлімшелердің тікелей бастықтары - күнделікті (демалыс күндері кесте бойынша) тексереді. Қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған ПБН-тар арнайы әзірленген кесте бойынша тәуліктің әр мезгілінде күнделікті тексеріледі.

65. ЖМБ мен АМБ әскери нарядтарының қызметін тексеруді Ішкіісмині, ІІД, қалалық, аудандық органдардың басшылары, сондай-ақ олардың тапсырмасы бойынша осы бөлімдер, бөлімшелердің командирлері, олардың орынбасарлары, әскери нарядтар бойынша кезекшілер және патрульдік топтардың бастықтары жүзеге асырады.

Ескерту: 65-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

66. Нарядтардың қызмет атқаруын тексеру жариялы түрде болуы керек. Егер патрульдеуші (бекет қызметкері) тексеру үшін келген адамдарды танымаса, олардың қызметтік куәліктерін, ал тура бастықтың уәкілетті адамдарынан тексеруге құқық беретін жазбаша нұсқаманы талап етеді.

67. Патруль (бекет) қызметкері тексерушіге жақындап келіп өзін таныстырады. Мысалы: "Лейтенант мырза! Патрульдеуші сержант Тағышев". Тексерушілер саны екі немесе одан да көп болған жағдайда патрульдеуші (бекет қызметкері) лауазымы жоғары, ал лауазымдары бірдей болса, атағы жоғары адамға өзін таныстырады. Тексерушінің талап етуі бойынша аға патрульдеуші бағыт (бекет) аумағындағы жағдай туралы баяндайды және оның қойған сұрақтарына жауап береді.

Бағытта (бекетте) наряд болмаған жағдайда, тексеруші тез арада оның себебін айқындап, нарядтың орналасқан жерін анықтауға міндетті.

68. Тексеруші осы Нұсқаулық талаптарын, аудан мен қаладағы, күзет орны және бағыт аумағындағы жедел жағдайды білуге, қысқартулар мен жеңілдетулерге жол берместен, қызмет атқару сапасын объективті түрде бағалауға, ұстамды және әдепті болуға тиіс.

Ескерту: 68-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

69. Қызмет атқаруда қайғылы оқиғалар мен өзге де ауыр зардаптарға әкеліп соғуы мүмкін, қаруды тартып алуға оқталу, құқық бұзушылық жасаған болу жолымен және басқа да тәсілдер арқылы тексеруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

70. Тексеруші патрульді-бекеттік қызметті атқару және ұйымдастыруда кемшіліктер анықталған кезде оларды қалпына келтіруге қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

Осы Нұсқаулықтың талаптарын өрескел бұзғаны үшін полиция наряды (бекеттен) ол бағынатын адамның нұсқауымен алынуы мүмкін, бұл туралы қалалық, аудандық, желілік органның бастығына (ПСБ командиріне), әскери бөлімнің командиріне баяндалады және кезекші (әскери нарядтар бойынша кезекші) хабарланады.

Тексеруші патрульді-бекеттік қызметті тексерудің нәтижелері жөнінде қызметтік кітапшада және күзет ведомосына белгі қояды. Бұл мәліметтер нұсқама беруді өткізу мен полиция қызметкерлерінің жұмысын бағалауда пайдаланылады.

Ескерту: 70-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

71. Қалалық, аудандық, желілік органның бастығы, саптық бөлімнің командирі патрульді-бекеттік қызметті атқаруды тексерудің тиімділігіне айына кемінде бір рет жедел кеңесте талдау жүргізеді.

## Параграф 7. НАРЯДТАРДЫҢ ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

72. Нарядтардың жұмыс нәтижелерін есепке алу мен бағалау қызмет көрсетілетін аумақтағы қоғамдық тәртіп пен қылмыспен күресудің нақты жағдайын анықтау, күштер мен құралдардың орналасу сәйкестігін, сондай-ақ қызмет атқару сапасын бағалау, жеке құрамның алдына қойылған міндеттерді орындаудағы дербес жауапкершілігін арттыру мақсатында жүргізіледі.

73. Қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысушы ПБН-ның жұмыс нәтижесі күнделікті тәулік бойғы қорытынды шығару барысында қалалық, аудандық, желілік органдарының басшылары ескереді және бағаланады. ПБН жұмысын

есепке алу бекет ведомысына және жеке шотқа жазылады (9-қосымша) және полицияның жалпы кешенді күштері бойынша және әр қызмет бойынша жеке жедел жағдайды ескере отырып сарапталады.

74. Полицияның кешенді күштерінің, ІІО-ның басқа да бөлімшелерінің қызметі қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды ескерту және олардың алдын алудағы нақты үлесі бойынша, сондай-ақ қалалардағы, аудандардағы, облыстардағы, көлік объектілеріндегі қоғамдық тәртіптің нақты жағдайы бойынша бағаланады. Олар қызмет атқаратын жерлерде, нарядтардың жұмыс істеу мен қызметін атқару уақытында жасалған және олардың қатысуымен ашылмаған (алдын алмаған) әр қылмыс бойынша қызметтік тексеріс жүргізіледі, оның қорытындылары туралы ішкі істер органының басшылығына баяндалады.

Кезеңдік қоғамдық орындарда (белгіленген сағаттарда халыққа қызмет көрсетуге және демалуға арналған үй-жайлар: базарлар, санаторийлер, демалыс аймақтары, мәдени, ойын-сауық, спорттық мекемелер, қоғамдық көлік, сауда және басқа кәсіпорындар) жасалған қылмыстар бойынша, сондай-ақ олар туралы хабарлама бір сағаттан астам уақыт өткеннен кейін (азаматтардың дер кезінде шағымданбауы, мүмкіншіліксіздіктері) түскен қылмыстар бойынша қызметтік тексерулер жүргізілмейді.

Ескерту: 74-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

75. Полиция қызметкерлерінің жұмысы келесі өлшемдер:

1) бағыт немесе күзет орны аумағындағы қоғамдық тәртіп пен қылмыспен күрес жағдайы (қылмыстардың болуы немесе болмауы, нарядтың рөлі);

2) қылмыстарды ескерту мен алдын алуға және әкімшілік құқық бұзушылыққа ден қоюы, қылмыскерлерді қолға түсіруде жеке қатысуы мен белсендігі, оның ішінде сондай-ақ белгілері бойынша, ерлік көрсетуі, шешімділігі, тапқырлығы және күрделі жағдайда тез бағдарлау мен дұрыс іс-қимыл жасауы;

3) бұйрықтар мен нұсқаулардың талаптарын білуі;

4) өз бастамасымен ұсталған қылмыскерлердің саны;

5) тәртіп пен заңдылықты сақтауы, саптық бой түзеу және сырт пішіні, сондай-ақ азаматтармен қарым-қатынастағы сыпайылығы;

6) техникалық құралдарды ұстауы және оларды дұрыс пайдалануы;

7) полицияның басқа нарядтары және құқықтық тәртіпті сақтау жөніндегі қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасауы арқылы бағаланады.

Ескерту: 75-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

## Параграф 8. КУРОРТТЫ, САЯЖАЙ АУДАНДАРЫ МЕН КӨПШІЛІК ДЕМАЛЫС АЙМАҚТАРЫНДА ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

76. Курорттық, саяжай аудандары мен көпшілік демалыс аймақтарындағы патрульді-бекеттік қызмет негізгі және қосалқы күштер арқылы ұйымдастырылады және жүзеге асырылады. Полицияның күштері мен құралдарына қажеттілік және оларды маневрлау қажеттілігі курорттық, саяжай аудандары мен көпшілік демалыс аймақтарының, қылмыстық жағдай мен қоғамдық тәртіп ахуалын, осы жерлерге келетін азаматтардың сандарын, сондай-ақ құқықтық тәртіпті сақтау жөніндегі қоғамдық бірлестіктерді пайдалану мүмкіншіліктері ескеріле отырып анықталады.

77. Курорттық, саяжай аудандары мен көпшілік демалыс аймақтарында патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастырудың негізгі нысандары:

1) нарядтардың санын көбейту есебінен қоғамдық тәртіпті күшейтілген түрге көшіру;

2) қосалқы ПБН уақытша орналастыру пункттерін құру;

3) көпшілік демалыс аймақтарына аса тәжірибелі полиция қызметкерлерін бекіту;

4) қажеттілігіне қарай қоғамдық тәртіпті сақтауға жұртшылықты жұмылдыру;

5) патрульді-бекеттік қызметті аттарда атқару болып табылады.

78. Нарядтарды орналастыруда санаторлық-курорттық мекемелерге, жаға-жайларға, сая бақтарға, қалалық жолаушылар көлігі аялдамаларына, теміржол вокзалына, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына, көңіл көтеру мекемелеріне, азаматтар көп жиналатын басқа орындарға, қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасалуы ықтимал орындарға қойылуына ерекше көңіл бөлу керек.

## Параграф 9. ТЕМІРЖОЛ, СУ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛІКТЕРІНДЕ ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

79. Теміржол, су және әуе көліктері объектілеріндегі патрульдік қызмет осы Нұсқаулықтың талаптары ескеріле отырып ұйымдастырылады. Көлік

объектілерінде патрульдік қызметті желілік ішкі істер бөлімінің (бөлімшесінің) бастығы, полицияның желілік пункті, поездар, кемелер мен ұшақтардың, жолаушылар мен жүк тасымалдау, қозғалыс жиілігін, сондай-ақ қалыптасқан жедел жағдайды ескере отырып ұйымдастырады. Жұмыс тәртібін желілік ішкі істер органының бастығы белгілейді. V090006018

Ескерту: 79-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

80. Жолаушыларды тасымалдау саласындағы патрульдік қызметті ұйымдастырудың негізгі нысандары:

1) вокзал және әуежай залдарында, стансаларда, порттарда, кемежай мен айлақтарда жолаушылардың шоғырлану жерлерін қарау арқылы, отырғызу платформаларында, вагондардың тоқтап тұру парктерінде және басқа көлік объектілерінде, патрульдеу бекеттерін қоюмен;

2) нарядтардың поездарда ере жүруімен; нарядтардың поездарда ере жүруі: аралық - бір наряд Қазақстан Республикасы шегінде поезды құрастыру пунктінен оның баратын пунктіне дейін және эстафеталық - қызмет көрсететін аумақ шегінде бірнеше нарядтар жүзеге асыруы мүмкін;;

3) өзендерде, су қоймаларында, порт акваторияларында кішкене кемелермен патрульдеу болып табылады.

Ескерту: 80-тармаққа өзгертулер енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

81. Жекелеген стансаларда, аялдау пункттерінде көліктегі желілік ішкі істер бөлімдерінің (бөлімшелерінің) бастықтары шұғыл жағдайларға байланысты, барынша дайын, өз бетімен жұмыс атқаруға қабілетті қызметкерлер тағайындалатын полиция бекеттерін қоя алады.

82. Поездарда қоғамдық тәртіпті сақтау мен қылмыспен күресті еріп жүретін нарядтар қамтамасыз етеді. Екі адамнан кем болмайтын наряд құрамын көліктегі ішкі істер органының бастығы анықтайды және олардың арасынан жетекші тағайындалады.

83. Нарядтың жұмысы желілік ішкі істер бөлімінің (бөлімшесінің) басшылығы бекіткен және жолаушылар тасымалдау басшылығымен келісілген, кейіннен қажет жағдайда түзетулер енгізілетін, әзірленген айлық кестенің негізінде жүзеге асырылады. Кестеде ере жүретін поездар тізімі, жұмыстың басталуы мен аяқталу уақыты, оларға ере жүру бағыттары, ауысып-міну уақыты мен орны көрсетілуге тиіс. Наряд қызметті нысандық киімде өткереді және тиесілі қорғану және белсенді қорғаныс құралдарымен, сондай-ақ тиісті қызметтік құжаттамамен жарақталады. Міндеттерін орындау кезінде наряд поездың жүріп өту бағытындағы желілік және аумақтық ішкі істер органдарымен

, поезд бригадасымен өзара іс-қимыл жасасады.

Ескерту: 83-тармақ жаңа редакцияда - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

84. Жолдардың жекелеген учаскелерінде, әсіресе ірі қалалар мен маңызды теміржол тораптары іргелерінде қоғамдық тәртіпті сақтауды және қылмыспен күресті күшейту үшін полиция тосқауылы қойылады.

85. Арнайы поездардың жүріп өту кездерінде көлік объектілеріндегі патрульдік қызмет тиісті көліктегі ішкі істер органдарының және қауіпсіздік органдары бастықтарының бірлесіп әзірлеген ерекше жоспарлары бойынша ұйымдастырылады.

## Параграф 10. Стационарлық бекеттерде патрульді-бекеттік қызметті ұйымдастырудың ерекшеліктері

Ескерту: 10 параграфпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

85-1. Стационарлық полиция бекеттері өз жұмысында бекітілген аумақты жаяу патрульдеу мен бір уақытта азаматтар көп жиналатын орындарда полиция қызметкерінің ұдайы болуын үйлестірген патрульді-бекеттік нарядтың бір түрі болып табылады.

85-2. Стационарлық бекеттер оқшауланған тұрғын массивтерде, азаматтар көп келетін орындарда, ішкі істер органдарының орналасқан жерден қашық қала аумағында, құқықтық тәртіпті тиімді сақтау және азаматтардың полицияға көмек сұрап келуіне қиын басқа да жерлерде орналастырылады.

85-3. Стационарлық полиция бекеттерін құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру жергілікті атқарушы органдармен тығыз қарым-қатынаста жасалады, олардың саны қалада, елді мекенде көрсетілген нарядтардың қоғамдық тәртіпті сақтауы анағұрлым тиімді және мақсатқа сай болатындығына байланысты, сондай-ақ қолда бар кадрлық, материалдық-техникалық, қаржылық және өзге де мүмкіндіктерді ескере отырып, айқындалады.

85-4. Стационарлық полиция бекеттеріне арналған үй-жайлар ретінде әдетте, көлемі және жабдықталуы өзінің мақсатына сай болатын, жарық, байланыс және тәуліктің салқын уақытында жылыту құралдарымен жабдықталған, зауытта дайындалған металл павильондар. Павильонды бояу үй-жайдың полицияға тиесілігін көрсететін ақ және көк түсті сырларды, "Полиция" деген жазуы бар жарықтанған таблоны пайдаланып жасалады.

85-5. Стационарлық полиция бекеті қызмет көрсететін аумақ нақты жағдайларға байланысты айқындалады және анағұрлым криминогенді жерлерде нарядтардың ұдайы болуының тиімділігін қамтамасыз етуге тиіс.

85-6. Қызмет көрсететін учаскені патрульдеуді неғұрлы толық қамту және сонымен бірге бір уақытта бекетте полиция қызметкерінің ұдайы болуын қамтамасыз ету мақсатында наряд құрамы үш адамнан: екі патрульден және наряд басшысынан кем болмауы керек. Жедел жағдайға байланысты оның құрамына қоғамдық қауіпсіздіктің басқа бөлімшелерінің қызметкерлері, сондай-ақ ерікті қоғамдық бірлестіктердің өкілдері енгізілуі мүмкін.

85-7. IIO бойынша өкіммен стационарлық полиция бекеттерінің құрамы мен орналасатын орны, күштер мен құралдардың есебі, қажетті құжаттаманың үлгілері бекітіледі.

Стационарлық полиция бекеттері үшін қажетті құжаттама: бекет сызбасы, жұмыс журналы, кезекшілікті қабылдау және тапсыру кітабы, қызмет өткеруді тексеру кітабы, бағдарлар журналы. Стационарлық бекет мүмкіндігінше криминалдық ақпарат деректері базасына қосылған компьютермен және бейнебақылау құралдарымен жабдықталуы мүмкін.

85-8. Қызмет өткеру тәулік бойы, әдеттегідей 12 сағаттық кесте бойынша жүзеге асырылады. Нарядтардың ауысу уақытын жедел жағдайдың ахуалына байланысты ішкі істер органының басшылығы белгілейді. Әрбір стационарлық полиция бекетіне реттік нөмір беріледі.

## Параграф 11. Жылжымалы полиция пункттерінің патрульдік-бекеттік қызметті ұйымдастыруының ерекшеліктері

Ескерту: 11 параграфпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

85-9. Жылжымалы полиция пункттері (бұдан әрі - ЖПП) патрульдік-бекеттік нарядтың бір түрі болып табылады, олар қозғалыс бағытын, тоқтайтын орындарды анықтайды және ұсталған азаматтарды ұстау (3 сағат көп емес), ерекше жағдайларда оларды медициналық мекемелерге жеткізу үшін пайдаланылады.

85-10. Азаматтардың жаппай келу орындарында құқық бұзушылықтардың алдын алу, ескерту және жолын кесу, құқықтық насихат іс-шараларын өткізу кезінде, сондай-ақ жедел жағдай күрделі учаскелерде (елді мекендерде) және төтенше жағдайларда ЖПП пайдаланылады.

85-11. Қалыптасқан жедел жағдайға байланысты белгілі бір учаскелерді тексеру кезінде жылжымалы полиция пункттерінің құрамына криминалдық, жол

полициясы, кәмелетке толмағандар істері жөніндегі бөлімшелер мен басқа қызметтердің қызметкерлері тартылады және ЖПП басшысы тағайындалады.

Қажет болған жағдайда ЖПП-ның құрамына полицей-кинолог қызметтік итпен тартылады.

Әр экипаждың құрамына бекітілген кестеге сәйкес немесе жедел жағдайға байланысты бекітілген учаскесінде іс-шара жоспарланған әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша шешім қабылдау үшін учаскелік полиция инспекторы міндетті түрде енгізіледі.

85-12. Жылжымалы полиция пункттері Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартында белгіленген түсті графикалық сызбаға сәйкес боялған шағын автобустар базасында жабдықталады, автобустың бортында, алдыңғы және артқы жағында мемлекеттік және орыс тілдерінде "Жылжымалы полиция пункті" деген сөздер жазылуы, сондай-ақ үстіне жарқырауық маягы және дауыс күшейткіші болуы керек.

Салонның алдыңғы бөлігі ЖПП экипажына арналған және орындықтармен, шағын үстелмен, қызметтік құжаттаманы сақтауға арналған темір жәшікпен, криминалистикалық, компьютерлік және басқа техниканы, мобильді және алып жүретін радиостанциялармен, кассета жинағы бар диктофонмен, екі-үш жарқылдайтын жезлмен, түрлі-түсті фотоаппаратпен, қалталы фонарьлармен және медициналық дәрі-дәрмек аптекалармен қамтамасыз етілуі тиіс.

Автобустың (шағын автобус) артқы бөлімі ұсталған құқық бұзушыларды аз уақыт қамауға арналған және мықты металл тормен қоршалады, сондай-ақ құлыппен жабылатын есігі болады, ал осы бөлігінің салон терезелері тормен жабылуға тиіс.

85-13. ЖПП-ның бортында мынадай құжаттар: күнделікті жоспар-тапсырма, бағыт карточкасы, борттық журнал, жылжымалы полиция пункті қызмет көрсететін учаскесінің жоспары бар планшет; оның қозғалыс бағыты мен тұратын орындары; жылжымалы полиция пунктінің автопатрульдері мен жаяу патрульдерінің қозғалыс бағыттары қарастырылады.

## 4 ТАРАУ. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

### Параграф 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

86. Патрульді-бекеттік нарядтар өздерінің бағыттарында, бекеттерінде және оларға жақын аумақтарда қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, көлік магистральдарында, вокзалдарда, әуежайларда және басқа қоғамдық орындарда заң және белгіленген тәртіп ережелерін сақтау, қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды ескерту және олардың алдын алу бойынша дер кезінде шаралар

қабылдайды.

Патрульді-бекеттік нарядтары:

1) қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдары мен басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуге және азаматтардан оларды бұлжытпай орындауды талап етуге;

2) қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу және жолын кесу, олардың жасалуына ықпал ететін жағдайларды анықтауға, және өз құқықтары шегінде осы жағдайларды жою шараларын қабылдауға;

3) қылмыстардан, әкімшілік құқық бұзушылықтар мен қайғылы оқиғалардан жапа шеккендерге, сондай-ақ қалдары мүшкіл не олардың денсаулығы мен өміріне қауіп төнген азаматтарға жәрдемдесуге;

4) көшелерде, алаңдарда, саябақтарда, көлік магистральдарында, вокзалдарда, әуежайларда және басқа қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге;

5) мемлекеттік органдар мен мекемелердің лауазымды адамдарына, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің өкілдеріне берілген құқықтар шегінде, егер оларға қарсы әрекет жасалса немесе қауіп төнсе, олардың заңды әрекеттерін жүзеге асыруға көмек көрсетуге;

6) заңдылықты сақтауға, қоғамдық тәртіп бұзушыларды орнында нақты және мұқият тексеруге, құқық бұзушыларға заңмен қарастырылған ықпал етудің әкімшілік шараларын қолданған кезде, оларға қандай нормативтік актілерге сай және олар қандай бұзушылықтар үшін қолданылатындығын түсіндіруге;

7) қалалық, аудандық, желілік орган бойынша кезекшіге қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатердің туындауының барлық жағдайлары туралы және техникалық көмек пен апаттық қызметтерді қатыстырудың қажеттілігін баяндауға, қатерлі аймақтарға азаматтарды жібермеуге тиіс.

## Параграф 2. ҚЫЛМЫСТАРДЫ ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

87. Патрульді-бекеттік нарядтар:

1) бекеттер мен бағыт шекарасында қылмыстар жасалудың неғұрлым ықтимал орындарын білуге, қылмыскерлердің пайда болып, шамамен жасырынуы мүмкін жерлеріне бақылау жасауды қамтамасыз ету;

2) өз құзыреті шегінде көшелер мен қоғамдық орындарда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, заңмен белгіленген шектеулері бар адамдарға бақылау жасауға;

3) азаматтарды заңға қарсы іс-әрекеттер жасаудан дер кезінде сақтандыруға, оларға қоғамға жат әрекеттерге жол бермеуді түсіндіруге;

4) дайындалып жатқан қылмыс туралы ақпарат алған кезде тез арада қалалық, аудандық, желілік органның бастығы мен кезекшісіне баяндауға және оның алдын алу шараларын қабылдауға;

5) азаматтардан жасалған немесе жасалатын қылмыстар туралы мәліметтер алған кезде арыз берушілер туралы барлық нұсқамалық мәліметтерді, жасалған қылмыстың нақты жерін, кім және оны кімге қарсы жасалғанын және дайындалып жатқанын, қылмысты ашуда мәні бар басқа да деректерді анықтау және жазып алуға, бұл туралы тез арада қалалық, аудандық, желілік органның кезекшісіне, бастығына баяндауға, қылмыс жасаған адамдарды анықтау және қолға түсіру, зардап шеккендерге көмек беру, куәлерді анықтау шараларын қолдануға және жедел-тергеу тобы келіп жеткенге дейін оқиға болған жерді күзетуді, жағдайға қолсұқпаушылықты, іздер мен заттай айғақтардың сақталуын қамтамасыз етуге;

6) оқиға болған жерге жедел-тергеу тобы келіп жеткен уақытта оның басшысының нұсқауына сәйкес іс-әрекет жасауға, ол туралы кезекшіге баяндауға ;

7) патрульдеу бағыты ауданында жеке ізіне түсу жолымен іздеу жарияланған қылмыскерлерді, хабарсыз кеткендерді және басқа іздестірілуші адамдарды азаматтардың жаппай шоғырлану орындарына аса назар аудара отырып анықтауға тиіс.

## Параграф 3. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР АРАСЫНДА ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ЕСКЕРТУ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ

88. Патрульді-бекеттік нарядтар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтармен күреске қатыса отырып:

1) көшелер мен басқа қоғамдық орындарда кәмелетке толмағандар тарапынан жасалатын қылмыстар және өзге де құқық бұзушылықтарды ескертуге және алдын алуға;

2) адасқан, ішімдік немесе есірткіден масайған балаларды, жасөспірімдерді анықтауға, осындай кәмелетке толмағандарды тұратын жеріне апаруға және ата-аналарына немесе оларды алмастыратын адамдарға, не кәмелетке толмағандар жөніндегі бөлімшелерге, қажетті жағдайларда - қалалық, аудандық, желілік органның кезекшілік бөліміне немесе медициналық мекеме жеткізуге;

3) кәмелетке толмағандардың қоғамға қарсы топтарын анықтауға, олардың шоғырлану орындарын анықтауға, олар туралы кезекшіге баяндауға, шаралар қабылдауға, сондай-ақ кәмелетке толмағандар істері жөнінде полицияның учаскелік инспекторын хабарландыруға;

4) кәмелетке толмағандарды құмар ойындарына, спирттік ішімдіктерді,

есірткілерді қолдануға, құқық бұзушылықтарды не қоғамға қарсы өзге іс-әрекеттерді жасауға бейімдейтін үлкен адамдарды анықтауға, сондай-ақ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі полицияның учаскелік инспекторын хабарландыруға тиіс.

Ескерту: 88-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

## Параграф 4. ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ОБЪЕКТІЛЕРДІ ҚҮЗЕТУ

89. Патрульді-бекеттік нарядтар:

1) жол қозғалысы Ережелерінің негіздерін және оларды бұзғаны үшін жауапкершілік туралы заңдылықты білуге тиіс;

2) жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы Ережелерін бұзуының алдын алады және ескертеді;

3) көлік пен жаяу жүргіншілердің интенсивті қозғалысы орындарында және қоғамдық көліктердің аялдамаларында тәртіпті қамтамасыз етеді;

4) жол-көлік оқиғасы кезінде тез арада кезекшіге немесе жол полициясының қызмет атқарушы нарядтарына болған оқиға туралы баяндайды;

5) күзетілетін объектілер мен меншіктік мүліктерге қылмыстық қолсұғушылықтың бар мүмкіншіліктерінің жолын кеседі;

6) ұстау топтарына жедел ден қою топтарына, күзет пен өрт дабылдары іске қосылғанда, дабылдар іске қосылған орынды қарайды, қылмыскерлерді қоршауға алып және ұстауға көмек көрсетеді;

7) жедел-тергеу тобы келіп жеткенге дейін оқиғаға қатысушыларды анықтау, оқиға болған жердегі жағдайды және көлік құралдарының іздерін сақтауға, зардап шеккендерге көмек көрсету шараларын қабылдайды, куәлерді анықтауға, олардың тегін, мекен жайларын жазады. Қабылдап алған мәліметтерді оқиға болған жерді қарауға келіп жеткен қызметкерге баяндайды, және оларды рапортқа жазады;

8) жедел жағдайда өткен өзгерістер, күзетілетін объектілерде, патрульдеу бағыттарында (бекеттерде) болған оқиғалар туралы және жағдай жайлы алынған жаңа мәліметтерді басқа ПБН-ға хабарлауға міндетті.

Ескерту: 89-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

## Параграф 5. КӨЛІК ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ ТӘРТІБІ

90. Көлік объектілерінде қызмет атқаратын патрульдік нарядтар теміржол учаскесі, су бассейні, әуежай, вокзал, порт, жақын орналасқан нарядтардың орналасуын және олармен байланыс кестесін, жолаушыларды тасымалдау ережелерін, жол жүру құжаттарының түрлерін, көлік қызметкерлерінің басты лауазымдық міндеттерін, сондай-ақ көлік объектілерінде құқық бұзушылықтар жасалу ерекшеліктерін, қылмыскерлердің жасырыну әдістерін білуі тиіс.

Көлік объектілерінде қызмет атқару барысында:

1) жеке және көлік қызметкерлерінің көмегі арқылы белгіленген тәртіпті қамтамасыз етуге, қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуды ескертуге;

1-1) ұдайы қозғалыста болуға, жолаушылармен қарым-қатынас жасасуға, бекет аймағында жолаушылар ағынын бақылауға, көлік объектісіндегі азаматтардың орын ауыстыруын жіті бақылауға;

2) іздестірілуде жүрген, сондай-ақ оларға қатысты қылмыс жасау мақсатымен жолаушылардың сеніміне кіруге ұмтылғандарды анықтауға және қолға түсіруге;

3) жолаушыларды поезд, кеме жүріп бара жатқанда немесе перронға қарама-қарсы жақтан мінуіне және түсуіне, жүк поездарында өз еркімен жүрудің, сондай-ақ азаматтардың белгіленбеген орындарда жүріп-тұруын болдырмауға;

4) рельстерге тосын заттарды, белгі және байланыс құралдарына зақым келтірудің алдын алуға және ескертуге;

5) көлік және күзет қызметкерлеріне жүктерді тонаудың алдын алуға қажетті көмек көрсетуге тиісті;

6) жедел-тергеу тобы келгенше қатысушыларды, куәгерлерді анықтау, оқиға болған жердің жағдайын сақтау, зардап шеккендерге көмек көрсету жөнінде іс-шаралар қабылдауға, жазбаша түрде алынған деректерді ЖПП қызметкерлеріне баяндауға.

Ескерту: 90-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

91. Поездарға ілесіп жүрген кезде нарядтар:

1) поезд жүрер алдында поезд бастығымен (бригадирімен) байланыс орнату және жолаушыларды отырғызу мен поездың жүріп кету кездерінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге;

2) жүріп өту жолында вагон жол серіктерімен тұрақты байланыста болуға; азаматтар олардың заңды талаптарын орындаудан бас тартқан жағдайларда оларға қызметтік міндеттерін орындауға көмек көрсетуге;

3) жасалған қылмысқа күдікті адамдарды анықтау, ұсталған құқық бұзушыларды жақын жердегі ішкі істер органына жеткізуге немесе өзінің мәлімдемесі бойынша таяу жердегі стансадағы полиция қызметкерлеріне табыс етуге;

4) вагон жабдықтарын бүлдіруді ескерту және алдын алуға;

5) көлік қызметкерлері тарапынан қиянат жасаушылық фактілері орын алған (билетсіз жолаушыларды, тасымалдауға тыйым салынған жүкті алып жүру) жағдайда, бұл жөнінде поезд бастығын хабардар етуге, және мәлімдеме арқылы көліктегі ішкі істер органының бастығына баяндауға;

6) қирау, апат, табиғи апат және өрт кездерінде бұл жөнінде дереу таяу орналасқан ішкі істер органына баяндау, адамдарды құтқару, зардап шеккендерге көмек көрсету, оқиға болған орын мен мүліктің күзетілуін қамтамасыз ету шараларын қолдануға;

7) поездың соңғы стансаға келіп жетіп, жолаушыларды, қол жүктері мен жүктерді түсірген соң, көлік қызметкерлерімен бірлесе отырып, поезд вагондарын қарап шығу және оларда ұмытылып қалған заттардың сақталуына шаралар қолдануға; айналым пунктінен кезекші бөлімге келіп жеткені жөнінде баяндауға тиісті.

Қарау кезінде ұмытылып қалған немесе жоғалған заттарды теміржол және су көліктеріндегі тасымалдау ережелеріне сәйкес поездың, кеменің, вокзал, стансаның лауазымды адамдары ресімдейді, ал бағалы мүліктер мен құжаттар акт бойынша ішкі істер органының кезекші бөліміне тапсырылады.

## Параграф 6. ПАТРУЛЬДЕРДІҢ АЗАМАТТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

92. Полиция қызметкерлері кез келген жағдайда азаматтармен әдепті және сыпайы болуы тиіс, олармен "Сіз" деп қарым-қатынас жасауға, өзінің талаптары мен ескертулерін сенімді және түсінікті түрде баяндауға, олардың ар-ожданын балағаттайтын әрекеттерге және сөз таластыруға жол бермеуі тиіс.

Патрульдеуші (бекет қызметкері) азаматпен қолын бас киіміне төсеп, өзінің лауазымын, әскери атағын және тегін атап амандасуы керек, содан кейін қарым-қатынастың қысқаша мақсаты мен себебін хабарлауға тиіс.

Азаматтар патрульдеушіге (бекет қызметкері) жүгінген кезде сол талаптарды орындай отырып, анық тыңдап алуға және олардың өтініштері бойынша шаралар қолдануға, ал қажетті кезде қойылған сұрақтарды шешу үшін қайда хабарласуы керектігін түсіндіруге міндетті.

Лауазымды адамдар мен азаматтардың талаптары бойынша патрульдеуші (бекет қызметкері) өзінің тегін, жұмыс орнын және қызметтік куәлігін қолдан

шығармай көрсетуге міндетті.

Азаматтармен сөйлескенде, полиция қызметкерлері ұстамдылық пен байсалдылық көрсетуге міндетті, ұрыс-керіске бармауға, өзін өзі ұстауды жоғалтпауға, дөрекілікке дөрекілікпен жауап бермеуге, және өз іс-әрекеттерінде жеке тұрпайы сезімдерін басшылыққа алмауға міндетті.

93. Егер тәртіп бұзушы оған жасалынған ескертуге қызбалықпен жауап берсе, оған тынышталуға уақыт беру және оның заңсыз іс-әрекеттері бойынша түсініктеме беру мүмкіндігін беру, содан кейін тиісті заңдар немесе өзге нормативтік құқықтық актілерге жүгіне отырып, оның тәртібінің дұрыс еместігін түсіндіреді. Тек осыдан кейін ғана хаттама жасауға, бұзақыны ІІО жеткізу немесе ескертумен шектелу туралы шешім қабылдануы мүмкін. Жандарында балалары бар бұзақыларға ескерту жасағанда, мүмкіндігінше, балалар естімейтіндей етіп жасау керек.

94. Жасөспірімдермен де патрульді-бекеттік нарядтар үлкен адамдар сияқты сыпайы сөйлесуі керек. Балаларға ескерту олардың жас ерекшелігін және даму деңгейін ескере отырып жасалады.

95. Тексеру кезінде азаматтардың құжаттарына ұқыпты болу қажет, оған қандай да бір белгілер қоймау керек. Егер құжатқа ақша және басқа бағалы қағаздар салынған болса, иесіне оларды өзі алуын ұсыну қажет. Қолдан жасалған анық белгілері бар құжаттарды көрсеткен адамдар немесе оларды заңсыз иеленгендер ІІО-ға жеткізіледі.

96. Қазақстан Республикасының аумағындағы шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалармен қарым-қатынас жасасқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайлары туралы" 1995 жылдың 19 маусымындағы заңды күші бар Жарлығының 1 бөлімнің 3 бабында, 4 бөлімнің 25 бабында бекітілген нормалардың талаптарын қатаң басшылыққа алуға міндетті.

97. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың құжаттарын тексеру барысында патрульдеуші (бекет қызметкері) шетелдік төлқұжаттың тіркелу орны мен уақыты, тұру түрі, (виза, шақыру және тұру түрі куәлігіне) құжаттарда олардың осы тұрғылықты пунктте болуының заңдылығын куәландыратын тиісті белгілеріне назар аударады. Өздерімен бірге құжаттары жоқ, тіркелусіз тұрып жатқан, сондай-ақ уақыты өтіп кеткен құжаттармен жүрген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды анықтаған кезде, патрульдеуші (бекет қызметкері) бұл туралы кезекшіге хабарлайды және оның нұсқауымен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әрекет жасайды.

98. Азаматтармен қарым-қатынаста полиция қызметкері Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары

туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсанындағы заңды күші бар Жарлығының 10-бабының нормаларына қатаң сәйкес құқықтарын қолдануға міндетті.

99. Полиция нарядтары дене күші, арнаулы құралдар мен атыс каруларын Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсанындағы заңды күші бар Жарлығының 3 тарауының 12-14-баптарында қарастырылған тәртіпке сәйкес қолдануға құқықты.

100. Ессіз күйінде, бас сүйегінің жарақаттарымен және өзге де қауіпті дене жарақаттарымен, сондай-ақ басқа анық айқындалған денсаулығының ауыр жағдайымен көшелерде және өзге қоғамдық жерлерде адамдар табылған жағдайда, ол жерге дереу жедел медициналық көмек шақырылады, оған нарядтар жағынан әр қилы жәрдем көрсетіледі.

## Параграф 7. Құқық қорғауға бағытталған және қоғамдық, мемлекеттік емес күзет құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасасу

Ескерту: 7 параграфпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

100-1. Патрульді-бекеттік нарядтар:

1) көшелерде және басқа да қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша құқық қорғауға бағытталған қоғамдық және мемлекеттік емес күзет құрылымдарымен ұдайы өзара әрекеттесуге;

2) бірігіп қызмет өткеру кезінде құқық қорғауға бағытталған қоғамдық құрылымдардың, мемлекеттік емес күзет құрылымдарының өкілдерін құқық бұзушылықтың көп тараған түрлерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу бойынша жұмыстың тәсілдері мен әдістерін үйретуге, оларды қызмет көрсететін аумақтағы жедел жағдаймен таныстыруға; құқық бұзушыларды ұстауға және ішкі істер органдарына жеткізуге көмек көрсетуге;

3) қылмыс туралы ақпарат алғанда құқық қорғауға бағытталған қоғамдық құрылымдардың, мемлекеттік емес күзет құрылымдарының өкілдерін олардың жасалу жағдайы, қылмыскерлердің түсі туралы хабардар етуге, оқиға болған жерге күзет қойып, оларды куәгерлер мен көргендерді анықтауға жұмылдыруға міндетті.

# 5 ТАРАУ. ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АТҚАРУ

## Параграф 1. НАРЯДТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТТІ АТҚАРУ ТӘРТІБІ

101. Патрульдеуші (бекет қызметкері) қалалық, аудандық, желілік органның бастығына, оның қызмет жөніндегі орынбасарына, полиция саптық бөлімшесінің

командиріне, қалалық, аудандық, желілік органның кезекшісіне бағынады. Тек осы адамдар ғана оған қоғамдық тәртіпті сақтау (объектілерді қорғау) мақсатында кейбір әрекеттерді жүргізу туралы нұсқау беруге, оны маршруттан алу немесе қызметті атқару орнын өзгертуге құқылы. Қызметті атқару кезінде патрульдеушіге тәртіптік жаза қолданылмайды.

102. Патрульді-бекеттік қызметті атқарушы наряд:

1) жедел жағдайды және маршрут ерекшеліктерін;

2) ІІО жақын орналасқан нарядтардың, әскери нарядтардың, және олармен байланыс жүйесін;

3) іздеу жарияланған адамдардың, мүліктің және көлік құралдарының белгілерін;

4) қылмыс жасалуға мейлінше ықтимал орындарды, қоғамға қарсы элементтердің шоғырлауы мүмкін орындарды;

5) бағыт ауданында ерекше маңызды объектілердің, мемлекеттік билік және басқару органдарының, құқық қорғау органдарының, өрттен сақтау бөлімшелерінің, жатақханалардың, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің, спорттық құрылыстардың, мәдени, ойын-сауық мекемелерінің, қоғамдық тамақтандыру, сауда, денсаулық сақтау кәсіпорындарының орналасқан жерлерін және олардың жұмыс тәртібін, қоғамдық көлік аялдамаларын;

6) бағытқа жақын көшелер, қиылыстар, алаңдар өтетін аулалардың орналасуын білуі қажет.

103. Кезекшілікке түсуші наряд қызмет атқаратын орнына келіп жеткен соң, патрульдеу бағытындағы нақты жағдайларға байланысты және нұсқама беру кезінде алынған нұсқауларға сәйкес кезекшіге өзінің келіп жеткендігі туралы және қызмет ауданындағы жағдайды баяндайды немесе бұны бағытты аралап шыққаннан соң жасайды.

104. Нарядтардың ауысуы бағыттағы алдын ала белгіленген жерде жүргізілуі мүмкін. Кезекшілікке түсуші нарядты ауыстырушыға таныстырылады. Ауыстырушы нарядқа түсушіге қызмет атқару кезінде орын алған оқиғалар жайында және келіп түскен өкімдер туралы хабарлайды. Олар бағытты бірлесе аралап шығады. Бағытты қабылдау-тапсыру туралы қабылдап алушы тапсырушының қызметтік кітапшасына жазба жасайды және кезекшіге баяндайды.

Ауысым белгіленген уақытта кезек келіп жетпеген жағдайда наряд ол туралы кезекшіге баяндайды және тек оның рұқсаты бойынша бағытты тастап кете алады.

105. Бағыт аумағы бойынша жаяу патрульдің қозғалу тәртібі және қызмет атқару орны нарядқа қойылған міндеттерден, бағыт ерекшеліктерінен, қалыптасқан жағдайдан, жыл, тәулік мерзімінен және аға басшылардың

нұсқауларынан анықталады.

Жаяу жұп патрульінің патрульдеушілері қажетті жағдайда, тек көрінетін және естілетін шекте, қызметті жеке атқарады.

106. Патрульді-бекеттік нарядтар жағдайдың өзгеруін белгілеуі және оның негізінде қызметті атқарудың ең қолайлы тәсілін таңдап алуы тиіс.

Қызметті атқару кезінде нарядтар:

1) айналымында құнды заттар бар және сақталатын объектілердің, банк мекемелерінің, сауда кәсіпорындарының, қоймалардың, базалардың маңында жиі пайда болатын, терезе, есік, тиек, қоршаулардың, жұмыс тәртібіне және күзеттің ұйымдастырылуына қызығушылық білдірген азаматтарға;

2) күдікті сақтық және мазасыздық білдірген, мезгілге сай емес, бойына және денесіне сәйкес келмейтін киім киген, сондай-ақ таңылған және жарақаты бар адамдарға;

3) гүлзарларда, аулаларда, үй кіреберістерінде және басқа жерлерде жиналған , әсіресе жастарға, азаматтар тобына, сонымен қатар жанжал туғызуға әкеп соқтыратын негізсіз әрекеттерге жол бермей;

4) жол қозғалысы ережелерін бұзуға жол беретін азаматтарға, құқық бұзушылардың болатын жерлеріне және қауіпті жерлерде ойнап жүрген балаларға;

5) бағалы заттар сақталатын дүкендер мен басқа да мекемелер есіктерінің, витриналарының және терезелерінің жағдайларына;

6) күдікті шуға, ғимараттарда және объектілерде оттың немесе түтіннің шығуына ерекше мән беруі тиіс.

107. Қызмет атқару кезінде полиция нарядтары қырағылық көрсетуге міндетті және кенеттен шабуыл жасау мүмкіндігін жоққа шығаратын алдын ала сақтық шараларын қабылдауы тиіс.

Наряд түнгі мезгілде аумақ бойынша үйлерден және басқа құрылыстардан бірнеше қашықтықта жүруі тиіс, мүмкіндігінше, азаматтарға байланысты тиісті қашықтықты сақтауға, және соңынан ешкімді қалдырмауға, адамға, ереже бойынша, жарық көзі жағынан жақындауға тиіс.

Адам нарядқа сырт жағынан жақындаған кезде, қараңғы кезде, адам аз жиналатын орындарда шетке шығып, тоқтауға тиіс, оны өткізіп немесе қозғалыс бағытын өзгертіп немесе қарсы жүруі тиіс.

108. Көрші нарядтардан, ішкі істер органдарының басқа қызметкерлерінен көмек алу немесе өзара әрекет жасау үшін патрульдеуші (бекет қызметкері) байланыстың барлық түрін пайдаланады немесе ысқырғышпен: "Ұста" - деген бір ұзақ белгі береді; "Маған, көмекке" - екі қысқа белгі. Қажет болған жағдайда, белгілер қайталанады. Осы мақсатта полиция қызметкері табельдік қаруды жоғары ату жолымен пайдалана алады.

109. "Ұста" деген белгіні естігеннен кейін патрульдеуші (бекет қызметкері) қырағылықты күшейтіп және ізіне түскен адамдарды анықтау және ұстау үшін шаралар қолдануға, ал "Маған, көмекке" деген белгіге бір қысқа белгімен жауап береді және тез арада шақыру орнына көмекке бағытталуға міндетті.

110. Наряд бағыттағы қызметті белгіленген уақыт бойы тоқтаусыз атқаруға міндетті. Ол қылмысты немесе әкімшілік құқық бұзушылықты ескерту және алдын алу, жасырынған қылмыскерлердің ізіне түсу, құқық бұзушыларды ІІО-ға жеткізу, көшелер мен қоғамдық орындардағы көмексіз немесе өміріне және денсаулығына қатерлі жағдайдағы адамдарға көмек көрсету, өрт сөндіруге шаралар қолдану, оқиға болған жерді күзету, кезек күттірмейтін медициналық көмек алу, көршілес нарядтарға жәрдем көрсетуге орган бастығының, оның орынбасарының, кезекшінің рұқсаты немесе нұсқауы бойынша уақытша бағытты тастап кете алады. Наряд бағытты тастап кеткендігі туралы қалалық, аудандық, желілік орган бойынша кезекшіге баяндайды.

111. Қызмет атқару кезінде нарядқа:

1) өзінің қаруын, ол бағынатын адамдардан өзге біреуге беруге және көрсетуге;

2) қызметтен тыс, ұйықтауға;

3) радиоалмасу ережесін сақтауға, телефон арқылы қызметтік емес әңгімелер жүргізуге;

4) қызметтік қажеттіліксіз тұрғын үйлерге, асханаларға, дүкендерге, клубтарға, мейрамханаларға және басқа да үй-жайларға кіруге;

5) бағытты осы Нұсқаулықтың 111-бабында көрсетілген кездерден басқа жағдайларда тастауға тыйым салынады.

Ескерту: 111-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

## Параграф 2. ПАТРУЛЬДЕУШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІ АВТОМОБИЛЬДЕР МЕН МОТОЦИКЛДЕРДЕ АТҚАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

112. Патрульдік автомобильдер мен мотоциклдер патрульдеу бағыттары бойынша қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамдарды ІІО-ға жеткізу, арнайы көлік болмаған жағдайларда, жәрдемсіз қалған азаматтарды медициналық мекемелерге, сондай-ақ қоғамдық орындарда орта және ауыр дәрежеде мас болған және өз еркімен қозғалу қабілетін немесе қоршаған ортада бағдар жоғалтқан, не маңайындағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін адамдарды медициналық айықтырғыштарға жеткізу үшін қолданылады.

Патрульдік автомобильдер мен мотоциклдер радиостанция және басқа да қажетті техникалық құралдармен жабдықталуы, сондай-ақ белгіленген түсті-графикалық сызбаға сәйкес боялуы керек.

113. Патрульдің бағыт аумағы бойынша автомобиль және мотоциклде қозғалыс тәртібі қойылған міндеттерден, қалыптасқан жағдайлардан, жыл, тәулік мезгілінен және аға басшылардан келіп түскен нұсқаулардан анықталады. Мейлінше күрделі жедел жағдайға қатысты орындарда аялдама пункттері тағайындалады, әр пунктте жаяу қызмет атқарудың ерекше міндеттері, уақыты және ұзақтығы, сондай-ақ бір пункттен басқа пунктке ауысу бірізділігі, кезекші бөліммен байланысқа шығу уақыты айқындалады. Бұл мәліметтер патрульдеушінің бағыт карточкасында жазылады.

114. Автомобильдегі (мотоциклдегі) нарядтың аға қызметкері қызмет атқарудың бекітілген тәртібін және қойылған міндеттер мен сеніп тапсырылған техниканы пайдалану ережелерін, алып жүретін адамдарды отырғызу және түсіру тәртібін дәл атқаруға жауапты. Нарядтың аға қызметкері нұсқамадан кейін нарядтың міндеттері мен машинада орналасу тәртібін анықтайды, әркімге бақылау секторын белгілейді, қызмет атқару орнына бару бағытын, бір пункттен басқа пунктке ауысу бірізділігін хабарлайды, кезекшіге радио арқылы бағытқа шыққандығы туралы баяндайды.

115. Жолда еріп жүру кезінде патруль бақылау жүргізеді және қажетті жағдайда қоғамдық тәртіпті бұзуды тоқтатуға, қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алуға шаралар қолдану үшін тоқтайды. Бағытта тоқтаған кезде нарядтың аға қызметкері жаяу патрульдеу ұйымдастырады. Патрульдік машинада, ереже бойынша, автомобильді күзетуді жүзеге асырушы, кезекші және наряд басшысымен радиобайланыс қолдап отыратын жүргізуші-полиция қызметкері қалады. Нарядтың жеке құрамын жинау үшін шартты белгі қондырылады.

116. Радиостанциялармен жабдықталған автомобильдердегі (мотоциклдердегі ) нарядтар аялдама пункттерінде 30-50 минут қызмет атқарады. Бұл жерде олардың құрамынан бөлініп шығатын жаяу патрульдер машинадан (мотоциклден ) 300 метр қашықтыққа дейін алыстайды, қылмыс және әкімшілік құқық бұзушылық болуы мүмкін жерлерді аралайды, оларды ескерту және алдын алу шараларын қабылдайды.

117. Автомобильдердегі және мотоциклдердегі нарядтар (жол полициясынан басқа) патрульдеу кезінде машинадан бақылау жүргізуге мүмкіндік беретін, бірақ 40 км/сағ-тан аспайтын жылдамдықпен қозғалады.

118. Автомобильдердегі (мотоциклдердегі) нарядтар жаяу патрульдермен өзара әрекет жасайды, жедел ақпаратпен ауысады, қажет болған жағдайда оларға көмек береді.

119. Патрульдеушілер жеткізушілерді автомобильге отырғызу кезінде бұл адамдардың тарапынан азаматтар мен ІІО қызметкерін жарақаттау, оларға шабуыл жасау және материалдық зиян келтіру мүмкіндіктерін жоятын шараларын қолданулары керек; автомобиль есіктерінің құлыптары мен бекітпелерін және олардың мықтап жабылуын тексерулері керек.

Мотоциклдің қорабына отырғызып жеткізу кезінде ұсталғанның қозғалыс кезінде қораптан секіріп кетпеуін немесе мотоциклді басқаруға кедергі жасамауын бақылау қажет. Жеткізілгендерді автомобильден шығарған ( мотоциклден түсірген) соң, наряд тастап кеткен заттары мен құжаттарын тауып алу мақсатында кузовты (қорапты) қарауы керек.

120. Автомобильдегі (мотоциклдегі) патрульдеушілерге қызмет атқару кезінде:

1) бөгде адамдар мен жүктерді тасымалдауға, сондай-ақ автомобильді ( мотоциклді) қараусыз қалдыруға;

2) бекітілген қозғалыс жылдамдығын асыруға, егер қызметтік қажеттілік талап етпеген жағдайда, өз еркімен белгіленген бағыттан бас тартуға және қызмет атқару тәртібін ауыстыруға;

3) автомобиль (мотоцикл) басқаруды бөгде біреуге тапсыруға;

4) ұсталғандарды автомобиль (мотоцикл) ішінде қараусыз қалдыруға тыйым салынады.

## Параграф 3. ҚЫЗМЕТТІК ИТТЕРДІ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

121. Қызметтік иттер ішкі істер органдарының қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қолдануы мүмкін.

122. Қызметтік ит ішкі істер органы бастығының бұйрығымен кинолог-полиция қызметкеріне бекітіліп беріледі. Арнайы дайындықтан өтпеген полиция қызметкерлері кинолог-полиция қызметкері лауазымына тағайындалмайды.

123. Иттерді сырқаттануларына байланысты қызметке қолданудан босатуға ветеринар дәрігердің жазбаша қорытынды негізінде кезекшімен, ал қорытынды болмағанда қалалық, аудандық, желілік орган бастығымен рұқсат беріледі. Ауа температурасы +30 градустан жоғары немесе -20 градустан төмен болған жағдайда иттердің даладағы жұмыс уақыты 4 сағаттан аспауы керек.

124. Қызметтік иттер ішкі істер органдарының бірлескен питомниктерінде немесе кинолог-полиция қызметкерлерінің тұрғылықты жері бойынша ұсталынады.

Қызметтік иттерді қызмет атқару орындары мен кері қарай тасымалдау арнайы немесе патрульдік автокөлікпен жүзеге асырылады. Кинолог-полиция

қызметкері қызметтік итті ертіп, қызмет атқару орнына және кері қарай, адамдар көп жиналған көшелермен, алаңдармен, саябақтармен жаяу жүріп өту кезінде қысқа қарғы бау мен тұмылдырық таңылған ит оның сол жағында болуы керек.

125. Қызметтік итті ерткен кинолог-полиция қызметкері автомотопатруль, сондай-ақ жедел топ құрамына енгізілген кезінде қызметтік иттерді басқару тәртібі мен қолдану ережелері жөнінде қызметкерлерге нұсқама беру өткізіледі.

126. Иттерді қолдану алдында қысқа қарғы бау мен тұмылдырық тағылып кинолог-полиция қызметкерінің сол жағында болуы керек, осыған сәйкес полиция қызметкері иттің басқа адамдарға зиян келтірмейтініне көз жеткізуі керек. Аса қауіпті және қарулы қылмыскерлерді ұстау кезінде кәсіпті бапталған, атыстарға икемделген иттерді қолдану қажет. Иттен айырылып қалмау үшін жасырынып, атыс жүргізіп жатқан қылмыскерлерді ұстауға, оның осындай жағдайларға кәсіптік дағдысын, қылмыскерді алаңдатудың әр түрлі мүмкіншіліктерін, және де қылмыскерді артынан ұстау үшін итті орағытып жіберуді ескерген жөн.

127. Итті қолданған полиция қызметкері ұсталғанды иттің тістеп алған жағдайында, оған алғашқы медициналық жәрдем көрсетуге және кешіктірмей дәрігерлер шақыруға міндетті. Құқық бұзушыларды ұстау үшін ит қолданылған барлық жағдайларда нарядтың аға қызметкері (кинолог-полиция) қашан, қайда, кімге қарсы, қандай жағдайда қолданылғанын және оның нәтижелерін көрсете отырып мәлімдемен ІІО басшылығына баяндауға міндетті.

## Параграф 3-1. Атты патрульді қолдану ерекшеліктері

Ескерту: 3-1 параграфпен толықтырылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

127-1. Ішкі істер органдарының патрульдік қызмет бөлімшелерінде аттар табиғи жағдайлары бойынша автокөлік құралдарын қолдану қиынға соғатын немесе мүмкін емес учаскелерде, дәлірек айтқанда курорттық, саяжай аудандары мен көпшілік демалатын аймақтарда, күз және көктем уақытында жол болмағанда, сондай-ақ қоғамдық-саяси, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін пайдаланылады .

127-2. Қызметтік ат ішкі істер органы бастығының бұйрығымен кавалерист-полицей қызметкерлеріне бекітіліп беріледі.

127-3. Қызметтік аттар ішкі істер органдарының ат қораларында ұсталады. Атты патрульді қызмет өткеру орнына жедел жеткізу мақсатында арнайы жабдықталған жүк тасымалдайтын (мал тасымалдайтын) автомобильдер пайдаланылады.

127-4. Қолайсыз ауа-райында ұзақ аялдамалар жасау кезінде тез салқындап қалмас үшін мүмкіндігінше аттарды табиғи жаппалармен немесе оларды жамылғы көрпелермен жабу керек және ыстық күндері ыстықтап кетпес үшін ағаштың түбіне, көлеңкелерге қою керек.

127-5. Жолда және белгіленген бағытқа келіп жеткен соң, патруль бақылау жүргізеді және қажет болған жағдайда қылмыс жасалуы мүмкін болатын жерлерде олардың жолын кесу және қоғамдық тәртіпті бұзуды тоқтату шараларын қолдану үшін аялдамалар жасайды; бағыттағы патрульдеу кемінде екі атты полиция қызметкерінің күшімен жүзеге асырылады.

127-6. Қылмыстың жасалуына күдікті, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды ұстау кезінде патурльшілер аттарға тікелей жақын жерде тұрған азаматтардың жарақат алуына жол бермейтін сақтық шараларын қолданулары керек; ұстауды жүзеге асыру үшін атты патрульші атынан түсіп, шылбырын оның атына ие болып, әрі жағдайды бақылап тұратын қосшысына береді, содан соң ұсталған адамды автомобильдің келіп тоқтауына қолайлы ашық жерге жаяу алып шығады.

127-7. Қоғамдық тәртіпті бұзушылар мен қылмыстың жасалуына күдікті адамдар патруль нарядтарына бағынбаған немесе қарсылық көрсеткен жағдайда наряд радио байланысы арқылы көмек шақырады және қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы құралдар мен табельдік қару қолданады.

127-8. Жаппай тәртіпсіздіктер мен топтасқан бұзақылықтың жолын кесу үшін атты патрульдер көшелер мен тұйық көшелерді жабу, тобырды бұзып жару және ұйымдастырушылар мен тәртіпсіздікке белсене қатысушыларды ұстау жөніндегі міндеттерді атқаратын патрульдік нарядтарға қосылады және аға бастықтың нұсқауы бойынша ғана қолданылады.

127-9. Атты патрульге қызмет өткеру уақытында:

1) құқық бұзушылық жасаған адамдарды БР (білезік) бұйымдарымен немесе өзге де құралдар көмегімен аттың ер-тұрманына байлап қоюға;

2) ұсталатын адамды алып шығу мақсатында көпшілік демалатын орындарда азаматтарды атпен басып өту тактикасын қолдануға;

3) азаматтар көп жиналатын жерлерде ат үстінде тұрып табельді қару немесе ПР-73 бұйымын (резеңке таяқ) қолдануға;

4) егер қызметтік қажеттілік талап етпейтін болса, белгіленген желе жортудан асыруға;

5) егер мұны қызметтік қажеттілік талап етпейтін болса, аттың жүрісін белгіленген бағытын өз еркімен ауыстыруға және қызмет өткеру тәртібін өзгертуге;

6) қызметтік мақсаттан тыс пайдалану үшін бекітілген атын басқа біреуге

б е р у г е ;

7) атқа тікелей жақын жерде ұсталған адамдарды назарынан тыс қалдыруға тыйым салынады

## Параграф 4. ҚЫЛМЫС ЖАСАЛҒАНДАҒЫ ЖӘНЕ ОҚИҒА БОЛҒАН ЖЕРДЕГІ НАРЯДТАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

128. Қылмыс жасалғандығы туралы мәлімет алғаннан кейін наряд өтініш б е р у ш і д е н :

1) оның жасалу орны, уақыты, тәсілі және басқа жағдайларын;

2) қылмыскер немесе күдікті туралы мәліметтерді (белгілерді);

3) қылмысқа куәгерлер болды ма және олар туралы не белгілі;

4) жәбірленуші қандай жағдайда және оған көмек көрсетілді ме;

5) өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты және мекен-жайын а н ы қ т а й д ы .

Бұл мәліметтер қызметтік кітапшаға жазылады, кезекшіге баяндалады, және наряд оның нұсқауымен іс әрекет жасайды. Күттірмейтін жағдайларда наряд тез арада оқиға болған жерге жетеді, бұл туралы кезекшіге баяндайды.

129. Қылмыс жасалған жерде нарядтар:

1) қылмысты болдырмауға шешімді шаралар қолдануға;

2) қылмыскерлердің ізіне түсуге және ұстауға;

3) жәбірленушілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда "Жедел жәрдем " ш а қ ы р у ғ а ;

4) мүмкіндігінше куәгерлерді (көргендерді) анықтауға;

5) оқиға болған жерді күзетуді қамтамасыз етуге;

6) болған жағдай туралы кезекшіге баяндауға және оның нұсқауына сәйкес әрекет жасауға тиіс.

Әрекет бірізділігі жасалған қылмыстың түріне, наряд құрамына және басқа жағдайларға байланысты болады. Олардың басты міндеті-қылмыскерге ( қылмыскерлерге) құқыққа қарсы әрекеттерін жалғастыру мүмкіндігіне жол бермеу және оны (оларды) ұстау.

130. Қылмыскерлердің ізіне түсу оларды ұстап, залалсыздандырғанға дейін жүргізіледі. Нарядтар ізіне түсу кезінде батыл және белсенді түрде қимылдап, соған сәйкес сақтық шараларын қолдануы және қырағылық танытуы тиіс, қажет болғанда, лауазымды адамдарды және жұртшылықты көмекке тартуы керек. Қылмыскерлердің ізіне түсу кезінде оқиға болған жерді күзету жұртшылықтың немесе көршілес полиция нарядтарының көмегімен ұйымдастырылады.

131. Қылмыскерлердің ізіне түсу мен іздестірілуін ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайда, патрульдеуші (бекет қызметкері) жедел-тергеу тобы келіп

жеткенше немесе кезекшінің үкімін алғанша оқиға болған жерде тапжылмай отыруға міндетті. Жасалған қылмыстың жағдайын сақтау үшін оқиға болған жерден азаматтар, оның ішінде зардап шеккен адамдар іздер мен заттай айғақтар жойылып немесе бүлініп қалмайтындай қашықтыққа алыстатылады. Жедел-тергеу тобы келіп жеткенше ешкімге, оның ішінде нарядтардың жеке құрамына ешбір нәрсеге қол тигізуге және бұйымдар мен заттардың орнын ауыстырып қоюға немесе олардың қалпын өзгертуге рұқсат етілмейді. Заттай айғақтарды, олардың алғашқы қалпын алдын ала белгілеп, ауа-райы және басқа да жағдайлардың әсерінен, бұзылу немесе жойылып кету қауіпі төнгенде ғана қозғауға болады. Қажет болған жағдайларда нарядтар оқиға болған жерді қоршауға алады, бұл үшін қоғамдық құрылымдардың өкілдері, полицияның штаттан тыс қызметкерлері, тартылуы мүмкін, сондай-ақ әр түрлі қоршау түрлері : жіптер, тақтайлар, сымдар және басқа да қолданбалы құралдар пайдаланылады.

Нарядтың жеке құрамы қалдырған іздер анық көрінетін көрсеткіштер және белгілермен таңбаланады.

132. Нарядтарға оқиға болған жерде шылым шегуіне, қандай да болмасын заттарды тастауға, іске қатысы жоқ әңгімелер айтуға және бөгде адамдардың сұрақтарына жауап беруге рұқсат етілмейді.

133. Патрульдеуші (бекет қызметкері) полиция қызметкері оқиға болған жерде бірінші кезекте уақыт ағымында жоғалып не өзгеріп кететін жағдайлар: иістер, ауа-райы, температура, желдің бағыты, жарық түсу сипаты туралы есінде сақтап, мүмкіндігінше қажетті жазбалар жасауы керек. Қылмыс жасау құралдарының және жағдайының сақталуына, саусақтар, аяқ-киім, көлік құралдары іздерінің, қан дақтарының, шашының, киімдерінің, мата қиындыларының, әйнек сынықтарының, ағаш жаңқаларының, топырақтың, сылақтың, темекінің, сіріңке қалдықтарының сақталуы мен тұрған орындарының өзгермеуін қамтамасыз етуге ерекше назар аударуы тиіс.

Полиция қызметкерлері оқиға болған жерде батыл, сабырлы және сенімді қимылдауға, абыржушылыққа, әкіреңдеуге және азаматтармен өзара қарым-қатынасты ушықтыратын басқа да әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

134. Наряд оқиға болған жердегі азаматтарға олардың сол орында тұруын және өз бетінше ешқандай іс-қимыл жасамауын өтінеді, құжаттары бойынша олардың кім екендерін анықтайды, тегін, атын, әкесінің атын, мекен-жайын, жұмыс орнын, телефон нөмірлерін жазып алады; қылмыскерлердің санын, сырт келбеттерін, белгілерін, жасырынған бағытын, қандай көлік құралдарын пайдаланғандарын, бұл құралдардың нөмірлері мен ерекше белгілерін, оқиға болған жер қандай өзгерістерге ұшырағанын, оны кім және қандай мақсатпен жасағанын айқындайды.

135. Алғашқы жәрдем көрсете отырып немесе зардап шеккендерді медициналық мекемелерге жібере отырып, патрульдеуші (бекет қызметкері) қылмысқа қатысты заттарды, іздерді және белгілерді табу мақсатында оның киімдері мен денесінің ашық бөліктерін қарап шығады, мүмкіндігінше оның кім екенін анықтайды.

Жараланған адам табылған орын және оның дене қалпы, қолдарының, аяқтарының, басының қалпы бормен, көмірмен және басқа да құралдармен белгіленеді. Егер зардап шеккен адамның тірі екендігінің айқын белгілері байқалмаса, онда мүмкіндігінше оның дене қалпы мен төңірегіндегі жағдайды өзгертпестен, ең алдымен оның өлі-тірі екендігі тексеріледі. Жедел-тергеу тобы келгенше, өлік оқиға болған жерден алынбайды және қозғалтылмайды.

136. Жаңбырдың, желдің, қардың және басқа да жағдайлардың әсерінен іздер мен заттай айғақтардың жойылып кету қауіпі төнген жағдайда, нарядтар оларды сақтау шараларын қолданады. Тік тұрған заттардағы іздерді сақтап қалу үшін оның бетіне темірден, қара қағаздан және басқа да су өткізбейтін материалдардан қаңқа орнатылады. Қызметтік итті қолдануды қиындатпау үшін аталған заттар мен материалдардың күшті иісі болмауы керек.

137. Қылмыс үй ішінде жасалған жағдайда наряд ол жерге тек қана оның жолын кесу, қылмыскерді ұстау, зардап шеккендерге көмек көрсету үшін кіре алады.

138. Жедел-тергеу тобы келіп жеткен кезде патрульдеуші (бекет қызметкері) қылмысқа қатысы бар барлық деректер жөнінде, қолданылған шаралар туралы баяндайды, содан кейін олардың нұсқаулары немесе кезекшінің үкімі бойынша іс-қимыл жасайды.

## Параграф 5. ҚЫЛМЫС ЖАСАЛЫНУЫНА КҮДІКТІ ТҰЛҒАЛАРДЫ ӘШКЕРЕЛЕУДЕГІ ЖӘНЕ ҰСТАУДАҒЫ ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК НАРЯДТАРДЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

139. Патрульдеуші (бекет қызметкері) қылмыс жасалынуына күдікті тұлғаларды әшкерелегенде, өзіне назар аудартпай бақылайды. Ол өзінің іс-әрекеттерінің заңдылығын анықтап, өзінің мүмкіншілігін ескеріп, ұстау жоспарын ұйғарып, ең қолайлы сәтті, ұстаудың тактикалық тәсілін анықтап барып, ондай азаматты ұстау мен ІІО-на жеткізу туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте мыналарды:

1) ұсталатын адамның жеке басын және егер ол бостандықта қалатын жағдайда, мүмкін болар қауіпті салдарларын;

2) егер ұсталатын адам, оның сыбайластары мен жанашырлары тарапынан қарсылық көрсетілетін болса, ұстау кезінде туындауы ықтимал шиеленістерді;

3) қарулы қарсылық көрсету немесе шабуыл жасау мүмкіндігін;
4) қару және арнайы құралдар қолдану шарттарын ескеру қажет.

140. Қылмыскерлер мен қылмыстың жасалғанына күдік туғызатын адамдарды ұстау алдында, оларда атыс қаруы немесе суық қарудың болу-болмау мүмкіндігіне ерекше назар аударып, сақтық шараларын қамтамасыз ету керек. Сонымен бірге наряд өз қаруын дереу қолдану қажеттігін ескере отырып, оны қолдану дайындығын тексереді: қару қабы белдіктің доғасына жақын жылжытып , түймелерін ағытады, сақтандырғышынан шығарады, патрон оқсалғышқа жіберіледі. Егер қылмыскерлер тобын ұстау қажет болса, патрульдеуші алдын ала кезекшімен, көршілес нарядтармен байланыс жасап, сондай-ақ азаматтар тарапынан, олардың өміріне қауіп төндірмей қолдау көрсетуді қамтамасыз етуі керек.

141. Қылмыскерді ұстайтын жер азаматтарға зиян келтіретін және басқа факторлар болмаған жағдайларда және құқық бұзушыға жасырынып қалуға мүмкіндік бермейтін жағдайларда белгіленеді. Тұтқиылдан бас салуды қамтамасыз ету үшін наряд күдіктілерге көрінбей жақындайды, олар қарсыласуға дайын емес сәтті таңдап алып: "Тоқта! Көтер қолыңды!" деп әмір беріп, оның ұсталғанын хабарлайды. Ұсталатындардың қарсылығын туғызбау үшін кейбір жағдайда ұстаудың негізгі себептері жарияланбайды, оның орнына басқа сылтаулар: қоғамдық тәртіпті бұзу, паспорт режимін тексеру, карантин сияқты сылтаулар пайдаланылады. Бұл жағдайларда "Тоқта! Көтер қолды!" деген әмір берілмейді.

Қалыптасқан жағдайларға қарай, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы" кодексінің 626 және 628-баптарына сай ұсталғандардың киімдері мен қолындағы заттарын тексеру және алып қою жүргізіледі.

142. Күдікті адамның құжатын тексергенде және одан жауап алғанда патрульдеуші (бекет қызметкері) тексерілушіден бір қадам жерде жартылай бұрылып тұруы керек және шабуылға тойтарыс беруге әзір болуы тиіс.

143. Ұсталғандарды полицияға жеткізу арнайы полициялық автокөлікте, ал ол болмаған жағдайда ұйымдар мен жекелеген адамдардың автомобильдерінде жүзеге асырылады. Осы мақсатқа қоғамдық көлікті, арнайы мақсаттағы автомобильдерді - өрт сөндіретін, инкассациялық, жедел жәрдем (медициналық көмек көрсету қажет болмаған жағдайларда) автомобильдерді, сондай-ақ дипломатиялық өкілдіктер мен консулдықтардың көлігін пайдалануға жол берілмейді.

144. Патрульдеуші (бекет қызметкері) ұсталған адамды жеткізу кезінде оның сыбайластары тарапынан қашып кетуге немесе босатуға жағдай жасау әрекеттеріне қарсы шараларды ойластыруы керек, ұсталған адамның

әлдекімдерге заттай айғақтарды беріп немесе лақтырып жібермеуін және сыбайластырынан қару немесе шабуыл жасайтын басқа да құралдарды алмауын қадағалауы тиіс.

145. Ұсталған адамды жаяу жеткізуді, әдетте, екі және одан да көп полиция қызметкерлері жүзеге асырады, олардың біреуі ұсталған адаммен қатарласып, оны ұстап жүреді, ал екіншісі жеткізілетін адамның және төңірегіндегілердің қимыл-әрекеттерін бақылап, арттарында жүріп отырады. Егер де жалғыз қызметкер жеткізетін болса, ол ұсталған адамның артында немесе оң жағында оң қолына блок жасап, қатарласып жүріп отырады. Жеткізу кезінде адамдар көп шоғырланған орындарды, өтпелі аулаларды, саябақтарды және тоғайлы алқаптарды айналып өткен жөн.

146. Ұсталған адамды полицияға жеткізген патрульдеуші (бекет қызметкері) ол жөнінде қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органы бастығының атына мәлімдememен баяндайды. Мәлімдемеде жеткізілген адамның тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, ұсталған уақыты, жері, ұстаудың себептері мен жағдайлары, куәлердің, сондай-ақ ұстау мен жеткізуге жәрдем көрсеткен адамдардың тегі және мекен-жайлары көрсетіледі.

147. Полиция нарядтары бағыттар бойында орналасқан, қылмыскерлердің және басқа құқық бұзушылардың жасырынуы ықтимал орындарын - жертөлелерді, шатырларды, адам тұрмайтын орындарды, саябақтарды, гүлзарларды, салынып жатқан үйлерді, вокзалдар мен стансалардағы қойылымдарды қарап шығуы керек.

148. Қылмыскерлердің жасырынуы ықтимал орындары кемінде екі полиция қызметкерлері қарайды, қажет болған жағдайларда қызметтік иттерді пайдаланады. Қарауға тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, күзет қызметкерлерін, комендanttарды, жұртшылықты қатыстыруға болады.

Егер де қаралатын орындарда қарулы адамдардың жасырынғаны туралы деректер бар болса, наряд жетекшісі бұл туралы кезекшіге баяндайды және оның үкімі арқылы іс-қимыл жасайды.

149. Қылмыскерлердің жасырынуы мүмкін деген жерлерді қарау кезінде нарядтың аға қызметшісі объектінің орналасуын, оның жоспарлануын, кіретін және шығатын, жасырын есіктердің орналасуын, нарядтың, көпшілік өкілдерінің міндеттерін анықтауға, оларды қарау кезінде сақтық және жеке бас қауіпсіздігін сақтау қажеттілігіне назар аударуларын алдын ала түсіндіруге міндетті.

150. Қарауға қатысушылардың барлығы тек қана нарядтың аға қызметшісінің әмірі бойынша әрекет етеді. Әмір берілместен өз бетінше қандай да іс-әрекеттер жасауға қатаң тыйым салынады. Белгіленген объектіге айқай-шусыз келуі керек,

сөйлеуге және темекі шегуге жол берілмейді. Әмір жай дауыспен немесе арнаулы келісілген белгілер бойынша беріледі. Объектіні қарау алдында наряд міндетті түрде қарудың қолдануға дайындығын тексереді.

151. Объектінің ішіне енген кезде ықтимал шабуылдан сақтану шараларын қолдану қажет. Егер де үй-жай ішіне көрінбей кіру мүмкіндігі болмаса, алдын ала "Бұнда кім бар, шық!" - деген әмір беріледі. Үй-жайға бір мезгілде бір есіктен нарядтың барлық тобының кіруіне тыйым салынады. Қаралатын объектіден мінез-құлқы және басқа да жайттар оларды қылмыс жасаған деп күдіктенуге негіздер бар адамдар табылған жағдайда, наряд осы Нұсқаулықтың 142-бабына сәйкес іс-қимылдар жасайды.

Ескерту: 151-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

## 6 ТАРАУ. КӨПШІЛІК ШАРАЛАР ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БАРЫСЫНДА ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ Параграф 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

152. Маңыздылығы және көлеміне байланысты көпшілік шаралар мен төтенше жағдайларды жүргізу кезінде қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастыру Ішкіісминінің, ІІД, Көліктегі ІІД және қалалық, аудандық, желілік органдардың өзге құқық қорғау органдарымен тығыз өзара әрекеттесуімен жүзеге асырылады.

153. Көпшілік шаралар мен төтенше жағдайларды жүргізу үшін қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауға Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес ішкі істер органдары, ішкі әскерлер қызметтерінің жеке құрамы және бөлімшелері жұмылдырылады.

154. Қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауға жұмылдырылған күштер мен құралдарды тиімді басқару үшін қажетті болған жағдайда жедел штаб құрылады. Штабтың саны және құрамы көпшілік шаралар, төтенше оқиғалар, сондай-ақ қалыптасқан жедел жағдайға байланысты айқындалады.

155. Көпшілік шараларды жүргізу кезеңінде күштер мен құралдарды басқару жедел штаб мүшелері, басқару топтары және байланыс ұйымдастыру үшін жұмыс орындары жабдықталған арнайы ұйымдастырылған пункттерде жүзеге асырылады. Басқару пункттері, әдетте, көпшілік шаралар жүргізілетін ауданда құрылады және қарамағындағы күштер мен құралдарды жедел басқаруға жарамды жерлерде орналасады. Басқару пункттері тұрақты немесе жылжымалы болуы мүмкін. Олар байланыс құралдарымен, қажетті жағдайда кино, фото, бейне аппаратуралармен жабдықталады.

156. Көпшілік шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуді ұйымдастыру барысында ішкі істер органының бастығы (жедел штаб басшысы) Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа алуы тиіс.

157. Көпшілік шараларды жүргізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз етуге тапсырмалар алғаннан кейін дайындық жұмыстары жүргізілуі тиіс, оған:

1) оны жүргізудің бағдарламасы, орны, уақыты және тәртібін нақтылау, сондай-ақ жаппай акция жүргізуге тыйым салуды талап ететін факторлардың болуы немесе болмауы;

2) мүдделі ведомстволардың ұйымдастырушылары және өкілдерімен бірлесе жаппай шаралар өткізілетін жерде комиссиялық тексеруді жүзеге асыруды, оның тиісті қоғамдық тәртіпті қорғауды ұйымдастыруға жарамдылығы айқындалады және кемшіліктерді қалпына келтіру шаралары қолданылады;

3) жерге рекогносцировка жүргізу, оның нәтижесінде аумақтың, көлік қозғалысы және жаяу жүргіншілердің бағыттарының ерекшеліктері зерттелетін, жиналу пункттері, адамдардың жүру және орналасу тәртібі, көлік тұратын орындар, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысын ұйымдастырудағы өзгерістер қажеттілігі, сондай-ақ аймақтардың, секторлардың, учаскелердің, шекаралары, күштер мен құралдардың қажетті саны, жедел штабтың, резервтердің орналасу орындары енеді.

158. Қажетті мәліметтер мен есептеулердің негізінде көпшілік шараларды жүргізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтаудың жоспары әзірленеді, онда:

1) шараның мазмұны және бағдарламасы, орны, оны өткізу уақыты, жоспарланған қатысушылар мен көрермендердің саны;

2) қоршалатын аймақтар, секторлар, учаскелер аумақтарының шекарасы;

3) жұмылдырылатын күштер мен құралдардың құрамы мен саны, олардың орналасу орны, нарядтардың түрлері мен міндеттері, олардың аймақтардағы, секторлардағы және учаскелердегі қызметін ұйымдастыруға жауаптылар, басқару және байланыс схемасы;

4) көршілес қалалық, аудандық, желілік органдар және көліктегі ішкі істер органдарымен, ішкі әскери бөлімшелері және басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі;

5) колонналар құрылатын, шаралар жүргізілетін жерге жақын көрермендердің жиналу орындарында, сондай-ақ қалалық көлік аялдамаларында және бақылау пункттерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

6) қатысушылар мен көрермендердің жүру бағыттары, көлік және жаяу жүргіншілердің шегіну жолдары, іс-шаралар басталғанға дейін және аяқталған

соң олардың қозғалысын реттеу тәртібі, көлік құралдарының тұратын орны;

7) шара аяқталған соң қатысушыларды ұйымдасқан түрде шығару тәртібі, сондай-ақ қажетті жағдайда оларды эвакуациялау тәртібі;

8) өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар;

9) медициналық және жабдықтық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру қарастырылады.

Жоспар картада (схемада) есептер, кестелер, қосымшаларымен қоса ресімделеді және оны ішкі істер органының бастығы бекітеді.

159. Қажет жағдайларда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көлік бағыттарындағы уақытша өзгерістер, жаппай шаралар өткізілетін ауданға азаматтардың баруын шектеу туралы хабарламалар жасалады.

160. Жиналыс, митингтер, көше шерулері, демонстрациялар және өзге де жаппай шаралар кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге дайындық кезеңінде жеке құраммен полицияның құқықтары мен міндеттерін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді оқып-үйрену, құқық бұзғаны үшін көпшілік акцияларының ұйымдастырушылары мен қатысушыларының жауаптылық шаралары, сондай-ақ жағдайдың шиеленеліскен кезінде қызмет атқарудың тактикалық тәсілдерін өңдеу бойынша нұсқама және дайындықтар жүргізілуі тиіс. Нұсқамаларда аумақтың схемасы қолданылады, көпшілік шаралар өткізу бағдарламасы түсіндіріледі, қоғамдық тәртіпті сақтау секторлары мен учаскелері, адамдар қозғалысының бағыттары және көлік тұрақтары, басқару, резерв пункттерінің, медициналық пункттердің, сауда орындарының, санитарлық тораптар айқындалады, сондай-ақ нарядтарды қоршалған аймаққа өту (көлікпен өту) құқығын беретін рұқсатнамалардың ( билеттер мен өзге құжаттардың) үлгілерімен таныстыру жүргізіледі.

Дайындықтар көпшілік шараларды өткізудің алдында оның өткізілетін жерінде жүзеге асырылады. Осыған сәйкес, нарядтардың міндеттері, орналасуы айқындалады, күштерді жоспарлап үлестірудің белгіленген мерзімдерінің нақтылығы тексеріледі; полиция нарядтарының, әскерлердің және басқа жұмылдырылатын күштердің төтенше жағдайлар туындаған сәтте өзара іс-қимыл мәселелері реттеледі.

161. Жаппай шаралар жүргізу барысында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жұмылдырылған нарядтардың жеке құрамына атыс қаруы берілмейді. Резерв қаруланыуы мүмкін.

162. Көпшілік шараларын жүргізу барысында құрсау (Қ), еріп жүру топтары ( ЕЖТ), бақылау бекеттері (ББ), резерв (Р), қоршаулар (Қ), патрульдеу топтары, көлік қозғалысын шектеу, заңдарды түсіндіру, байланысты қамтамасыз ету, қоршау "блоктау", құқық бұзушылықтарды тіркеу және басқалар қолданылады.

Әр топты арнайы біріккен отряд командирі алдын ала тағайындаған жетекші

басқарады:

1) құрсау - көпшілік шаралар жүргізілетін аумаққа бөгде адамдарды жібермеу мақсатымен, сондай-ақ іс-шараларға қатысушылар мен көрермендер орналасқан жерлерде шараларға қатысушылар, көрермендер немесе ара жігін ажырату квадраттардың (тік бұрыштардың) ұйымдасқан түрде қозғалуын қамтамасыз ететін бағыттаушы коридорлар құру үшін қойылады. Құрсаулардың құрамына полиция қызметкерлері, әскери қызметкерлер, көпшілік өкілдері кіре алады.

Құрсаулар жеке құрам 2 метрден аса интервалда орналасқанда - сирек, 1-2 метр интервалда - қалыпты, 1 метрден кем интервалда - күшейтілген, екі және одан да көп қатарларда - көп қатарлы болып бөлінеді. Аса қауіпті бағыттарда құрсауларды күшейту мақсатымен арнайы кедергілерден, автомобильдер және әскери техникадан қоршаулар орнатылады;

2) еріп жүру тобы - колонналар сап түзеу кезеңінде, оларға арналған жерлерде оларға еріп жүру және орналастыру кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді;

3) бақылау бекеттері - көпшілік іс-шараларды жүргізу және жағдай өзгеру барысында дер кезінде ақпаратты қамтамасыз етеді. Ол аумақты жақсы шолуды қамтамасыз ететін пункттерде орналасады және қажетті техникалық құралдармен жабдықталады;

4) резерв - көпшілік іс-шараларын жүргізу барысында жағдай шиеленіскен кезде қоғамдық тәртіпті сақтаудың міндеттерін шешуге арналады. Резерв ол тез арада қимылға кірісе алатындай жерде орналасуы тиіс.

Жедел штаб бастығының қарамағындағы резерв құрамына қоғамдық тәртіпті сақтауға жұмылдырылған күштер мен құралдардың 20%-ы бөлінуі мүмкін. Секторлар, учаскелер немесе бағыттар бастықтарының қарамағындағы резервтер осы секторлардағы, учаскелердегі немесе бағыттардағы қызметте пайдаланатын күштер мен құрамдардың 10-15%-ын құрайды. Жұмылдырылған резервтер тез арада маңызы шамалы учаскелер мен бағыттардағы күштер және құрамдарды босату есебінен толықтырылады;

5) патрульдеу тобы - ішкі істер органдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі әскерлер және оқу орындарының (оларды жұмылдырған жағдайда) жеке құрамынан аумақтағы азаматтардың көпшілік іс-шаралар жүргізуге жақын аудандағы қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыру үшін қалыптасады;

6) көлік қозғалысын шектеу топтары - жол полициясы қызметкерлерінен қалыптасады және блоктау аймағының айналасында көлік, жаяу жүргіншілер қозғалысын ұйымдастырады, сондай-ақ арнайы іс-шаралар өткізілетін жерлерге ішкі істер органдарының және ішкі әскерлер, апат-құтқару қызметтерінің автокөліктерінің бөгетсіз өтуін қамтамасыз етеді;

7) заңдарды түсіндіру тобы - ішкі істер органдарының мейлінше дайындалған қызметкерлер санынан құрылады. Бұл топтың басты міндеті көпшілік іс-шараларға қатысушылар арасында түсіндіру жұмысын жүргізу болып табылады;

8) байланысты қамтамасыз ету тобы - байланыс және арнайы техника бөлімшелерінің, сондай-ақ байланыс құралдарымен жұмыс істеу дағдысы бар жеке құрамның қызметкерлерінен құрылады. Ол күштер мен құралдарды сенімді басқаруды қамтамасыз етуге бейімделеді. Радиоқұралдарының байланысын қолдану және жұмыс тәртібін жедел штабтың бастығы анықтайды;

9) қоршау (блоктау) тобы - полицияның саптық бөлімшелері және ішкі әскер бөлімшелерінің (олар жұмылдырылған жағдайда) жеке құрамынан құрылады. Топ азаматтардың енуін шектеу, қоршау (блоктау) ауданына белсенді түрде енуге тырысқан адамдарды сүзгіден өткізу пунктіне бағыттау, құқық бұзушыларды ұстау, іс-шара өткізілетін ауданға бөтен көліктің өтуін тоқтату мақсатымен жергілікті тиісті ауданын қоршауды (блоктауды) жүзеге асырады. Қажетті жерлерде азаматтарды, көлікті ұйымдасқан түрде өткізу, құқыққа қарсы қимылдардың ұйымдастырушылары мен белсенді мүшелерін анықтау (ұстау) үшін БӨП құрылады;

10) құқық бұзушылықтарды тіркеу тобы - криминалдық полиция бөлімшелерінің қызметкерлерінен құрылады, сырттай (визуального) бақылау, фото суретке түсіру, бейне және дыбыс жазбалары құралдарымен жабдықталады. Оқиға болған жерде құқыққа қарсы қимылдарды құжаттауды, жеткізілген құқық бұзушыларды тексеруді қамтамасыз етеді.

163. Жаппай іс-шаралар өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тек нақты қажетті күштер мен құралдар саны жұмылдырылуы тиіс. Нарядтар жүргізілген іс-шараның таралуына қатысты қимылға енгізіледі, ал қажеттіліктің төмендеген жағдайында тез арада алынады және резервке ауыстырылады.

164. Жаппай іс-шараларды өткізу күні қызметтер мен бөлімшелердің бастықтары жеке құрамды және оның жабдықталуын тексеру, дербес топтардың жетекшілерімен жұмыс нұсқамасын жүргізеді, және жоспарланған іс-шараның басталу уақытындағы, өткізу тәртібіндегі болуы ықтимал өзгерістер және жедел жағдайдағы басқа өзгерістер туралы хабарлайды, бар күштер мен құралдардың қойылуын қамтамасыз етеді; іс-шараның ұйымдастырушыларымен өзара іс-қимыл белгіленеді.

165. Жаппай іс-шара жүргізу кезінде нарядтар:

1) қойылған міндеттерді білуге және мүлтіксіз орындауға;

2) қызмет өтеу барысында үрей және топтық құқық бұзушылықтың тууын ескерте отырып, әсіресе, қоғамдық тәртіпті бұзудың алдын алу барысында

ерекше қырағылық пен ұстамдылықты сақтауға;

3) көрсетілген жерде болуға және арнайы рұқсатсыз қызметтің сеніп тапсырылған учаскесін тастамауға;

4) жаппай іс-шара өткізу орынынан мас күйіндегі адамдарды, және басқа да қоғамдық тәртіп бұзушыларды шығаруға;

5) іс-шара өткізуді, қоғамдық тәртіп пен көрермендер және қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді күрделендіретін жағдайлар орын алған жағдайда объектідегі тәртіпті сақтау үшін жауапты адамға тез арада баяндауға тиіс.

166. Қоршау аймағында тұратын немесе жұмыс істейтін азаматтар тұратын жерлеріне өткізудің жарияланған тәртібіне сай өткізіледі.

167. Ішкі істер органы бастығының (штаб жетекшісінің) шешімі бойынша қажеттілік шамаланған жағдайда жаппай іс-шара жүргізу кезеңіне енгізілген шектеулер өз күштерін жояды. Жаппай іс-шаралар аяқталғаннан кейін қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысқандар, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, көлік қозғалысының қалыпты өмір сүруін жандандыруға қатысқан күштер мен құралдарды әкету жүзеге асырылады, сондай-ақ жеке құрамның, жеке қорғаныс құралдары мен басқа техникалық құралдар тексеріледі, қызмет атқару қорытындысы жүргізіледі, негізгі және қосалқы қызметтер мен бөлімшелер қызметкерлерінің қимылдарына баға беріледі.

168. Жаппай тәртіпсіздік және топпен қоғамдық тәртіп бұзушылық туындаған кезде ішкі істер органдары мен бөлімшелерінің жетекшілері және жеке құрамы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдары мен Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің тиісті нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

## Параграф 2. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БАРЫСЫНДА ҚЫЗМЕТ АТҚАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

169. Төтенше жағдайлар жұртшылықтың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін және апат-құтқару немесе қалпына келтіру жұмыстарын қажет ететін жаппай тәртіпсіздік, табиғи апат, өрт, ірі өндіріс апаттары, апаттар, эпидемия, эпизоотия туындаған кезде болады.

Осындай жағдайларда Қазақстан Республикасы Ішкіісминінің ішкі істер органдары және ішкі әскерлері қауіпсіздік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып келесі арнайы іс-шараларды ұйымдастырады және:

1) белгіленген қоғамдық тәртіп пен жол қозғалысы қауіпсіздігін қалпына келтіру және оны демеуді;

2) жұртшылықты сақтау, шығындарды есептеу, адамдарды құтқару және зардап шеккендерге қажетті көмек көрсетуді;

3) қараусыз қалған мүлікті қорғауды;

4) апат-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге жәрдемдесуді жүзеге асырады.

170. Ішкіісминіде, ІІД, Көліктегі ІІД-да және қалалық, аудандық, желілік органдарда жеке құрамның төтенше жағдайлар барысында қимылға әрдайым дайын болуын қамтамасыз ету мақсатымен жедел жоспарлар әзірленеді, олар ішкі істер органының басшысымен бекітіледі және Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі (бұдан әрі - ТЖМ) келісіледі.

Жоспарларда:

1) төтенше жағдайлар туындаған кезде қызмет көрсететін аумақта болуы ықтимал жағдайдың сипаттамасы;

2) ішкі істер органдарының күштері мен құралдарын, оның ішінде қосалқы, қойылған жедел-қызметтік міндеттерді орындау дайындығына келтіру тәртібі;

3) төтенше жағдайлар кезінде ішкі істер органының басшысы және кезекшісінің кезек күттірмейтін қимылдарының тізімі және бір ізділігі;

4) төтенше жағдайлар кезінде іс-шараларды жүзеге асыру үшін жұмылдырылған күштер мен құралдардың есебі және олардың қойылуы, қызметтік нарядтар, арнайы топтардың түрлері, олардың міндеттері және ерекше міндеттері, резерв құрамы мен оны пайдалану тәртібі;

5) қоғамдық тәртіпті сақтау және қылмыспен күрес, мүлікті тонауды ескерту бойынша күшті шоғырландыру қажет аумақта (учаскеде) қызмет атқарудың ерекше жағдайлары;

6) тізімі алдын ала жергілікті атқарушы билік органдарымен келісілген маңызды объектілерді күзету;

7) қызмет атқаратын жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтар мен мүлікті эвакуациялау, құтқару бойынша шаралар, сондай-ақ жұртшылық шығынын есептеу;

8) белгіленген өткізу режимін, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қауіпті аймақты қоршау, қоршайтын бекеттер мен тосқауылдарды, бақылау-өткізу пункттерін және патрульдеу топтарын қоршау тәртібі;

9) ұсталған және сотталғандарды, қару, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды, бағалы мүлікті және қызметтік құжаттарды қауіпті аймақтардан эвакуациялау;

10) көршілес ішкі істер органдарымен, ТЖМ, басқа құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

11) басқаруды және байланысты ұйымдастыру тәртібі;

12) жұртшылық арасындағы үрей және жалған сөздердің алдын алу шаралары қарастырылады.

Ескерту: 170-тармаққа өзгерту енгізілді - Ішкі істер министрінің 2006 жылғы 23 тамыздағы N 419 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

171. Жоспарға:

1) қызмет көрсетілетін аумақтың шекарасы, ішкі істер органдарының, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің орналасу пункттері, оның ішінде Қазақстан Республикасы Ішкісиминінің ішкі әскерлер мен оқу орындарының бірлестіктері және әскери бөлімшелерінің, маңызды объектілері, тасқын және апат болуы ықтимал аудандардың орналасуы, құрама эвакуациялау пункттерінің, эвакуацияның негізгі және резервті бағыттары көрсетілген карта;

2) жеке құрамды хабарландыру схемасы, күштер мен құралдардың есебі, оның ішінде қосымша, сондай-ақ жеке жағдайларда оларды бір рет орналастыру нұсқасы;

3) күттірмейтін қимылдардың схемасы, жоспарлары, карталары, кестелері, картотекалары, апат-құтқару және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жұмылдырылған көлік пен азаматтарға өтуге берілетін рұқсатнамалардың үлгілері қоса беріледі.

Қажетті жағдайда ішкі істер органы басшысының шешімімен жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерге байланысты басқа да құжаттар әзірленуі мүмкін.

172. Ішкі істер органының бастығы төтенше жағдайдың нақты қаупінің тууы немесе шығуы туралы ақпарат алғаннан кейін:

1) тиісті жоспарлар мен есеп бойынша жеке құрамды хабарландыру және жинауға;

2) төтенше жағдайлардың уақыты, орны, сипаттамасы, туындаған зардаптардың көлемі, болған шығындар мен зардап шеккендердің саны, жедел жағдайдың күрделенуі, жұртшылыққа, ішкі істер органына төнген қауіптің дәрежесі туралы келіп түскен мәліметтерді бағалау және осының негізінде жедел жоспардың іс-қимылға енгізілуі туралы тиісті шешім қабылдау, кезекшіге, қызметтер мен бөлімшелердің басшыларына қажетті нұсқаулар беру, төтенше жағдайлар болған жерге жедел топтарды жіберуге;

3) қажет болған кезде жағдайды нақтылау және рекогносцировка жүргізу үшін өзі шығуға;

4) жоғарғы ішкі істер органын, атқарушы биліктің тиісті органдарын, ұлттық қауіпсіздік органдарын, прокуратураны, ТЖМ хабарландыруға;

5) жағдайдағы өзгерістерді болжау және жеке құрам мен жұртшылықтың күштері мен қорғаныш құралдарын қолдану бойынша уақытында шешім қабылдау мақсатымен метеорологиялық, гидрологиялық, сейсмологиялық, медициналық, санитарлық-эпидемиологиялық және басқа қызметтерден тұрақты ақпарат алуды ұйымдастыру, қажетті жағдайда төтенше жағдай болған ауданда

шолу жүргізуге;

6) жағдайдың күрделенген аудандарына күштер мен құралдарды жөнелту уақыты мен тәртібін бекіту, байланысты, ақпаратпен алмасуды жүзеге асыруға;

7) жедел штабтың, басқару пункттерінің жұмысын ұйымдастыруға, және жедел резервтің саны мен құрамын анықтауға;

8) төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарға жеке құрамның, техникалық және арнайы құралдардың дайындығын тексеруге, жеке құраммен қойылған міндеттерді орындау жөнінде нұсқама жүргізуді ұйымдастыруға;

9) жедел штабтың жұмысын үнемі қадағалауға, қызметтер мен бөлімшелердің, арнайы топтардың басшыларын тыңдауға, келесі кезеңге міндеттер қоюға;

10) жедел жағдайдың өзгеруіне әсер ету жөнінде шешім қабылдауға міндетті.

173. Ішкі істер органының бастығы жағдайдың қалыптасу шамасына байланысты:

1) күштер мен құралдарды олардың тұрақты орналасқан жерлеріне шығаруды жүзеге асыруға, жеке құрамды қызмет атқарудың күнделікті тәртібіне біртіндеп ауысуын ұйымдастыруға;

2) құқықтық тәртіпті және эвакуациаланған азаматтардың тұрақты мекен жайларына қайтуларына жәрдем көрсетуді ұйымдастыру;

3) жеке құрам мен қоса берілген күштердің төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимылдарының қорытындысын шығаруға, қажет болған жағдайда жедел жоспарларға тәжірибе есебі мен анықталған кемшіліктерді ескере отырып түзетулер енгізуге;

4) жоғары тұрған ішкі істер органына төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі операциялардың аяқталғаны туралы мәлімдеме жіберуге тиісті.

## Параграф 3. ПАТРУЛЬДІ-БЕКЕТТІК НАРЯДТАРДЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР КЕЗІНДЕГІ КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН ІС-ҚИМЫЛДАРЫ

174. Өрт кезінде:

1) жақын жерге орналасқан өрт бөлімшесіне дереу хабарлауға және қажет кезінде жұртшылықты хабардар ету, өрт сөндіруді, адамдар мен мүлікті құтқаруды ұйымдастыру;

2) өрттің туындау себептерін анықтау, оқиға болған жерді күзету және күдіктілерді ұстау, куәлар мен көргендерді анықтау шараларын қабылдау;

3) зардап шеккендер болған кезде дәрігерлік көмек шақыруға немесе оларды емдеу мекемелеріне жіберуге; жанып жатқан ғимараттарға өртті жоюға жұмылдырылған адамдардан басқа ешкімді жібермеу.

175. Жарылғыш қондырғылар, жарылғыш заттар, сондай-ақ радиоактивтік, химиялық және басқа жұртшылыққа қауіп төндіретін заттар табылған кезде:

1) оқиға туралы кезекшіге баяндауға және қауіпті аймақты қоршау, оған адамдар мен көлікті жібермеу шараларын қабылдау;

2) оқиға болған жерге апаттық немесе арнайы қызметтерді шақыруды ұйымдастыру, адамдарды эвакуациялау және құтқаруға жәрдемдесу.

176. Қирау, апат және катастрофалар туындаған кезде:

1) болған оқиға туралы кезекшіге, лауазымды адамдарға баяндауға;

2) адамдарды, мүлікті құтқару шараларын қабылдауға, зардап шеккендерге көмек көрсету және оларды емдеу мекемелеріне жіберу;

3) өртті сөндіруді ұйымдастыру;

4) оқиға орнына оның зардаптарын жоюға жұмылдырылған адамдардан басқа, бөтен адамдарды жібермеуге;

5) тергеу үшін тағайындалған адамдар келгенге дейін оқиға орнын күзетуді жүзеге асыру;

6) қажет кезінде жұртшылық пен көлікті және басқа құралдарды төтенше жағдайлардың зардаптарын жоюға жұмылдыруды ұйымдастыру.

177. Сел, су тасқыны кезінде:

1) кезекшіге баяндау және шешім сұрау, лауазымды адамдар мен жұртшылықты су тасқыны жөнінде хабардар ету;

2) адамдар мен мүлікті құтқару шараларын қабылдау, қажет кезде жұртшылық (бірінші кезекте балалар, әйелдер, қарттар және ауруларды) пен мүлікті эвакуациялауды ұйымдастыру, зардап шеккендерге көмек көрсету;

3) жұртшылықтың су басқан аудандардан жүзіп өту кезінде тәртіпті қамтамасыз ету; қараусыз қалған мүлікті күзетуді ұйымдастыру.

178. Эпидемия және эпизоотия кезінде:

1) медициналық мекемелердің лауазымды адамдарын және кезекшіні ауру фактілері туралы хабардар етуге;

2) жеке бас қауіпсіздігін сақтай отырып, зақымданған аймаққа адамдардың, көліктің ауысуын және малдың айдалуын шектеуді қамтамасыз етуге;

3) зақымданудың ықтимал көздерін, сумен қамтамасыздандыру көздерін күзетуді ұйымдастыру, адамдардың топтасқан жерлерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

179. Жер сілкінісі кезінде:

1) жағдайды анықтау, кезекшімен, басқа нарядтар және полиция қызметкерлерімен байланыс жасау;

2) көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысына қауіпті жерлерді белгілеу;

3) адамдар мен мүлікті құтқару, зардап шеккендерге көмек көрсету және оларды медициналық көмек пункттеріне жіберу, сондай-ақ өртті жою және залалсыздандыру шараларын қабылдау.

180. Боран, күшті жел және қар көшкіні кезінде:

1) жағдайды кезекшіге баяндау, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысын бақылауды күшейту, жүргізушілер мен азаматтарды қауіп және сақтықтың қажетті шаралары туралы ескерту;

2) зардап шеккендерге, жәрдемсіз жағдайлардағыларға көмек көрсету, еңбекке жарамды жұртшылық пен көлік құралдарын, көшелерді, жолдарды көміліп қалған үйлерді тазартуға жұмылдыруға жәрдемдесу.

---

Ескерту: 1-10 қосымшаларда "Тәртіпке" деген сөз "Нұсқаулыққа" деген сөзбен ауыстырылды - Ішкі істер министрінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 441 бұйрығымен .

Үлгі

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарының патрульді-бекеттік қызметінің қоғамдық тәртіпті сақтау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі Нұсқаулыққа
1-қосымша

БЕКІТЕМІН
Н қалалық ішкі істер бөлімінің бастығы
полиция подполковнигі
"___" ________ 200_ж.

**"Н" қаласы аумағындағы қоғамдық тәртіпті сақтаудағы ішкі істер органдары мен ішкі әскерлерді кешенді пайдалану**

**ЖОСПАРЫ**

Ескерту: Жоспардың үлгісін қағаз мәтіннен қараңыз

Қала аумағының сипаттамасы

| N | Объектінің атауы | Қала бойынша барлығы |
|---|---|---|
| 1 | Көлемі бойынша (шаршы км) | 8 |
| 2 | Халқы (мың адам) | 101,0 |
| 3 | Көше саны | 129 |
| 4 | Көшелердің ұзындығы (км) | 187,3 |
| 5 | Банк мекемелері | 10 |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Кинотеатрлар, Мәдениет үйлері | 6 |
| 7 | Саябақтар, жағажайлар | 3 |
| 8 | Стадиондар | 2 |
| 9 | Спорт сарайлары | 2 |
| 10 | Дүкендер | 67 |
| | оның ішінде спиртті ішімдіктер сататындары | 6 |
| 11 | Мейрамханалар, дәмханалар, барлар | 12 |
| 12 | Жазғы алаңдар | 23 |
| 13 | Асханалар | 29 |
| 14 | Жатақханалар | 21 |
| 15 | Қонақ үйлер | 3 |
| 16 | Орта мектептер | 17 |
| 17 | Техникумдар, КТУ, колледждер | 8 |
| 18 | Базарлар | 4 |
| 19 | Өндірістік кәсіпорындар | 13 |
| 20 | Көлік кәсіпорындары | 6 |
| 21 | Байланыс бөлімшелері | 8 |
| 22 | ЕТК | 2 |
| 23 | ЕПМ | 2 |
| 24 | Полицияның учаскелік пункттері | 4 |
| 25 | Телефон - автоматтар | 54 |
| 26 | Спиртті ішімдіктер сататын дүңгіршектер | 125 |

**ІІО және ІӘ қызметтері мен бөлімшелерін патрульдік нарядқа қою НОРМАЛАРЫ**

| Бөлімшенің, қызметтің түрі | Патрульдік нарядтардың қажетті саны | Патрульдік нарядтарды жоспар бойынша қоюдың міндетті нормасы | Патрульдік нарядтардың накты қойылуы |
|---|---|---|---|
| Наряд түрлері бойынша: | | | |
| - патрульдік полиция бөлімшелері | | | |
| ЖП (жаяу патруль) | | | |
| АП (автопатруль) | | | |

МП (мотопатруль)
АтП (атты патруль)
ИП (қызметтік иті бар патруль)
Полицияның жылжымалы пункттері
Полицияның стационарлық пункттері
- жол полициясының бөлімшелері
- МКҚ-ның бөлімдері
- ІӘ арнайы мотобөлімінің бөлімшелері
- медайықтырғыш патрульдік экипаждар
- қабылдау-тарату мекемелерінің патрульдік экипаждары
- ҚТК жөніндегі қоғамдық құрылымдары

---

**Полиция кешенді күштерінің ҚҰРАЛДАРЫ**

| N | Құралдардың түрлері | ПП | ЖП | РМК | ПАМБ | М/АТ | ҚАК | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Автомобильдер | | | | | | | |
| | оның ішінде ПЖП | | | x | x | x | x | x |
| 2 | Мотоциклдер | | | | | | | |
| 3 | Радиостанциялар | | | | | | | |
| | - автомобильдегі | | | | | | | |
| | - мотоциклдегі | | | | | | | |
| | - стационарлық | | | | | | | |
| | - алып жүретін | | | | | | | |
| 4 | Телефондар | | | | | | | |
| 5 | Қызметтік иттер | | | x | x | x | x | x |
| 6 | Қызметтік аттар | | | x | x | x | x | x |

7 Табельдік қару
8 ПР-73 бұйымдары
9 БР бұйымдары (кісендер)
10 "Черемуха-10" бұйымдары
11 Қорғау кеудешелері (жеңіл)

---

**Қоғамдық тәртіп қорғау жөніндегі полиция күзет орындарының және кешенді күштері мен құралдары бағыттарының**
**Т І З Б Е С І**

| N Р/р | Патрульдік учаске | Наряд түрі күзет орны (бағыт) нөмері, шартты белгі | Іс-қимыл аймағы (күзет орнының ,бағыттың орталығы мен шекаралары, аялдау пункттері) | Негізгі міндеттер | Нарядтың сандық құрамы, қоғамдық құрылымдар мүшелерінің саны | Ауысым саны, қызмет өтеу уақыты |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | N 1 ПУ | N 8 ПЖТ тапсырма-жоспар негізінде еркін іздеу | Абылайхан даңғылынан Абай даңғылына дейін, Абай даңғылының Республика алаңына дейін, Республика алаңының Гагарин көшесі бойымен Спорт сарайына дейін Спорт сарайынан Мечников көшесіне дейін Бәйсейітова көшесіне дейін, Бәйсейітова кө. | Патрульдеу бағытын жедел жағдайға патрульдік қызмет аға инспекторы анықтайды,ПУ аумағындағы нарядтарға жедел басшылық жасауды жүзеге асырады, олардың бірлескен іс-қимылдарын және жасалған қылмыстар туралы келіп түскен ақпараттарға жедел қимыл көрсетуді ұйымдастырады, қоғамдық орындар мен көшеде жасалған қылмыстар мен | Полицияның жылжымалы тобы: аға инспектор, инспектор, жүргізуші-полицейлік Ескерту: жекелеген жағдайларда ПЖТ құрамына жедел жағдайға қарай КП, КТІЖ | 1-ауысым 00.00 сағаттан бастап сағат 08.00-ге дейін 2-ауысым сағат 08.00 ден сағат 17.00 дейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | шесі бойымен Абылайхан даң. ғылына дейін. Аялдамалар: "Кристалл" зауыты, "Арман" к/т Республика алаңы, Спорт сарайы, базар | құқық бұзушылықтар. да ашуға тікелей өзі қатысады, жедел жағдай шиеленіскен патрульдеу бағытын өзгерту туралы ұсы. ұсыныс енгізеді, ІІО К/Б-мен байланыста болады, патрульдеу нарядтарының қызмет. терін атқаруына бақылау жасайды, қызметтік кітапшала. рына тексерулер мен ескертулер туралы жазбалар жазады, тәртіп сақтауда олар. ға көмек көрсетеді (қажет болған жағдайда) | қызметкер. 3-лері және т.б. кіргізілуі мүмкін. | ауыс. ым сағат 17.00 ден сағат 24.00 -ге дейін |
